

КРИСТИНА РОЙ

ҚЫЗМЕТКЕР



ШЫҒЫС
СӘУЛЕСІ

Суретші В. Гаврилов

Рой Кристина

Қызметкер. Повесть. Словак тілінен аударылған

Қазақ тілінде бірінші басылымы, 112 бет.

© 1993 «Шығыс Сәулесі» баспасы, Алматы

КРИСТИНА РОЙ ҚЫЗМЕТКЕР 05.117

1 – ТАРАУ

Бірде Ондрачик қарт жұмысшы қолдарына айрықша зәру болып, оларды қайдан табуды білмей отырғанда, күтпеген жерден оған бір жас жігіт келе қалды.

Бұл жексенбі күні кешкіде, егін орағының ең бір қызған шағы еді. Ондрачик өз үйінің алдындағы бақтың ішінде қолына басын сүйеп, ойланып отырған кезі еді. Кенет ауылдағы ит үрді де, таңқалған үй қожасының алдында денсаулығы мықты, таза киінген жас жігіт тұрды. Жас жігіт құрметпен сәлемдесіп, өзіне жұмыс табуға болатын-болмайтынын сұрамаққа кіріп шықпақшы болғанын айтты.

Ондрачик алғашқы кездескен адамды бірден жұмысқа алатындардан емес еді, бірақ бұл жолы жігіт оған көрер көзге келісті адам болып көрінді, оның үстіне оған үй қызметкері де керек еді.

Әйелі ауырып жатты. Екі күйеу баласы үйден кетіп қалды: біреуі осы жылы, екіншісі өткен көктемде кеткен еді. Екеуі де Америкаға кетіп, сол жаққа әйелдерін де шақырып алды. Үйде жалғыз он алты жасар қызы ғана қалды. Рас, тағы бақташы бар болатын, бірақ ол ауылда төбелеске араласып, енді өз анасының қолында ауырып жатып қалды.

Сондықтан Ондрачик жігітті жалдап алуды ұйғарды. Өзінше ол:

— Несі бар, байқап көрейін. Бақташы Андрей сауыққанша оны ұстай тұрамын, — деп ойлады. Жігіттің күндік табысы қандай, егер ол бүкіл орақ кезінде қалса, жалақысы қандай болады, — деген сұрақтарға екеуі келісім жасады.

Осы түні Ондрачик өте жақсы ұйықтады, өйткені көптен ұйықтамаған еді, ал оның әйелі бұрынғысынша көз ілндіре алмағанымен, ең болмағанда, күйеуінің жұмысының оңға басатынын ойлап, әбігерленген жоқ.

Жаңа қызметкер Ондрачикке барлық жағынан ұнады, тек оның есімі қартқа тосын көрінді: жігітті — Мефодий Рузанский, — деп атайды екен. Бір кезде Нитреде тұрып, осында Құдай Сөзін уағыздаған славяндардың елшісі де, Мефодий, — деп аталған, алайда шаруалар, әсіресе католиктер өз ұлдарына мұндай атты қоймайтын. Дегенмен, адам бәріне үйренбей ме, ауыл тұрғындары да Мефодийдің есіміне үйреніп кетті. Жігіт өзін оқшау ұстады, бірақ — Ондрачик өзіне жақсы қызметкер тапты, — деген ортақ қортындыны бәрі жақтады.

Жігіттің жақсы қызметкер екенін Ондрачик басқалардан кем білмейтін. Жігіт ішпейтін, сондықтан ауылда ол сотқарлық жасап, бозбалалармен төбелескен жоқ. Ол темекі де тартпайтын, сондықтан, ол қойманы өртеп жібереді, — деп қауіптенуге де негіз болған жоқ. Апта бойына ол

ертеден қара кешке дейін жұмыс істейтін, ал мерекеде кітап оқып, демалып отыратын. Балағат немесе дөрекі сөзді оның аузынан естімейсің: ол үнемі жақсы көңіл күйде жүрді. Егер Дорка, үй қожасының қызы тамақ ішкенде дастархан үстінде жанжал шығарып, ал оны әкесі балағаттай бастаса, жігіт үнемі қызға жол беретін, әрі ашуланбайтын.

Үй қожасына осының бәрі ұнады, сондықтан ол жігітке орақтан соң да өзінде қызметкер болып қалуға ұсыныс жасады.

— Жақсы, — деп келісті Мефодий, — мен сізде қалайын, бірақ бір шартым бар: сіз мені екі жылға жалдайтын болыңыз және маған сарайдың жанынан мекен жай соғып алуға рұқсат етіңіз.

Үй қожасы таңқалып қалды: ол жерде қандай мекен-жай болуы мүмкін?

— Мұның жақсы екенін сіз көресіз, — деді қызметкер. Тек келісіп алайық: менің сол жерге жұмсаған шығынымның бәрін, егер ол сізге ұнаса, немесе сіз оны пайдаланғыңыз келсе, мен сізден кетіп қалатын жағдайда сіз маған төлеуге тиістісіз; егер төлемесеңіз, менің үйшікті бұзып алып, сатып жіберуге хұқым болады.

Ондрачик келісімін берді, сөйтіп, алғашқы жауын-шашынды күндер басталып, егістікке жұмыс істеуге болмайтын кезде жігіт сарайға тақтайларды тасып әкеліп, ұсталық іске кірісті. Ол небәрі екі-ақ күн жұмыс істеді, сөйтіп бәрі дайын болған кезде ол қожайын мен оның қызын шақырды.

Ондрачик қарт күліп қойды:

— Міне, қандай бөлме. Біздікінен де жақсы! Тек мұнда сен қалай қыстайсың?

— Ештеңе емес, мен суықта да ұйықтай аламын, ал күндіз сіздерде жылынамын.

Қалған тақтайлардан Мефодий стол жасап алды, содан соң сабан төсек пен сабан орындық сатып алды, ал бұрышқа шкаф пен киім ілгішті қойды.

Бәрі де өте оңды болды, әсіресе ол сәл уақыт өткен соң, терезенің жоғары жағын қайта жасап, сол жерден көршілес таулар мен ормандарға, алыстағы шалғындар мен егістіктерге, қазір сұп-сұр болып тұрғанымен, кейде тамаша аспанды көруге көрініс ашты.

Ондрачиктің ең жақын көршісі Петрачтар еді. Олардың жиырма жасар ұлы Самко өте ұғымтал, әрі сүйкімді жас болатын, бірақ ата-анасының ауқатты адамдар болғанына қарамастан, ол оқида, жаза да алмайтын. Мұның себебі, ол сал ауруына ұшыраған еді. Ол үйде үлкен қиындықпен қозғалатын, көр-жер бірдеңе істейтін, бірақ бұдан басқаға оның шамасы жетпейтін.

Петрачтың әйелі байғұс Самконы аяп, оны басқа балаларынан гөрі жақсы көрді, әкесі болса, оған онша мейірімділікпен қарамады. Қартты ұлы үлкен жігіт болса да, шаруашылыққа ешбір көмектесе алмай, үнемі мойынға масыл болып отыратыны қапаландыратын. Сөйтіп, егер Самкоға деген шешесінің сүйіспеншілігі болмаса, оның

жастық шағы туған үйінде едәуір мұңды өтер еді. Болашақ оған мүлде жабырқау көрінді. Сөйтіп, мұның өзі жиі болатынындай, нақ сол қозғала алмайтындар дүниеде ұлы істі жасауға қабілеттері келеді, — бұл жігітпен де солай болды.

Бірде мерекеде Самко түскі астан кейін бақта өте жалғызсыраған болып отырды. Ол қолын жағына таяп, өзінің ащы сыбағасы туралы толғанды. Кенет ол көз алдында кітап оқып отырған көршінің қызметкерін көрді.

Жас жігітті ызалы қызғаныш билеп алды.

— Міне, қарапайым қызметкер оқи алады, ал мен ақмақтың ақымағы болып отырмын, — деп ойлады, сондықтан ізгі сәлемге үлкен қиындықпен жауап қайтарды.

— Сен бұл жерде жападан жалғыз отырсың, сол себепті, әрине, зерігесің, — деп үн қатты Мефодий. — Мен саған кітап әкелдім.

Самко түтігіп кетті:

Бірде-бір әріпті білген жоқпын, бірақ бұл ештеңе емес: егер сен қаласаң, мен сенің қасыңда отырып, дауыстап оқып берейін.

Жаңа көршілердің таныстығы осылай басталды.

Петрачтың шарбағының жанында Дәуіт деген еврейдің лашығы ентелеп тұр еді. Ол онда жападан жалғыз тұратын. Оның жалғыздығын тек екі ешкі бөлісетін, ешкілермен ол күн ұзағына көрші ауылда сенделіп жүретін. Қарт еврей шүберек, сүйек және басқа да керексіз қоқыр-

соқырлар жинайтын. Шаруа әйелдері осының бәрін Дәуіт үшін жинап қоятын да, Дәуіт оларды жіп және инемен жабдықтайтын. Бұдан ертерек, жастау кезінде ол өз қапшығымен алысқа баратын, бірақ енді тек жақын маңайға ғана ілбіп жүретін.

Дәуіт қарт өте жақсы адам еді. Бірақ оның күліп тұрғанын ешкім ешқашан да көрген жоқ.

Дәуіт қарт өмірде көптеген қайғыны көрді, бірақ ол осының бәрін шыдамдылықпен көтерді. Атап айтқанда, — деді біреулер, — бұрын Дәуіт, қазіргі қоныстанған жері Градовоға келер алдында, әйелімен тұрды, бірақ бірде оның әйелін біреу алып кетті. Рас па, жоқ па, мұның анығын кім білсін.

Ондрачиктің басқа жағында, оның өкінішіне орай, Мартын Подгайский тұрды. Мартын етікші еді, бірақ сондай маскүнем болғандықтан, одан жұрттың бәрі аулақ жүретін. Онымен бірге жалғыз анасы ғана тұрды, ал әйелі оның маскүнемдігіне шыдай алмай, қызметшілікке басқа жаққа кетуді артық көрді, сөйтіп, сол жақтан балаларына жейделер мен етіктер беріп жіберіп тұратын, әйтпесе, қыста балалары үсіп кеткен болар еді. Сондай-ақ ол балаларды баққаны үшін алғыс ретінде енесіне де бірдеңе жіберіп тұрды. Алғашқы кезде күйеуіне де жейде жіберіп көрді, бірақ ол мұның бәрін ішіп қойып, содан соң қайғырған әйел енді қайтып, сәлем-сауқат жібермейтін болды.

Бірде Мефодий Подгайскийді өлердей мас күйінде тауып алды, батбаққа батқан ол енді болмаса, тұншығып өлуге дейін барған екен. Ауыз, мұрын, құлақ батбаққа толған. Мефодийдің масты көтеруге күші жетпеді. Бақытына орай, сол жерден цыган өтіп бара жатыр екен. Мефодий одан көмек сұрады, сөйтіп, олар екеуі бақытсыз маскүнемді Ондрачиктің үйіне жеткізіп, сарайдың ішіндегі сабанның үстіне жатқызды.

Мефодий су қыздырып, шошқа құсап, үсті-басы былғанған Мартынды мұқият тазалап жуды. Мартын әуеліде бұрқылдаумен болды, бірақ аздап өзіне келген соң балағаттауын қойды. Мефодий оның шашын тарап, бетін тазалап қырып, өсіп кеткен тырнағын алған кезде, Мартынның ажары мүлде кіріп қалды. Ол тіпті өзіне таңданып:

— Шынымен-ақ мен де адамға ұқсауыма бола ма? — деді.

Осы күннен бастап, Ондрачиктің қызметкері маскүнемге үлкен ықпал жасады: ол Подгайскийге айтқанының бәрін істетте алатын. Ол Мартынды жұмыс істеуге мәжбүр етті, ал ол болса, оған жұмысын аяқтағанша бір рөмке ішпеуге уәде беруге тиісті болды. Сөйтіп, шынында да Мартын ішкен жоқ. Ал етікшінің кешке уақытта іші пыспауы үшін Мефодий оған келіп, оның анасының кітаптарынан, шіркеу әндері кітабынан, немесе Киелі кітаптан, ал кейде өзімен әкелген журналдардан бірдеңелерді оқып беріп жүрді.

Қазан айы да келді, сөйтіп, шаруалардың жұ-

мысы кеш сайын едәуір азайды. Іссіз отыруға іш пысатын. Сондықтан да Мефодийдің қожайыны Ондрачик қарт өз қызметкерінде журналдардың болғанына қуанышты еді. Оның өзі ұзақ өмірінде кітап туралы ешқашан да ойланып көрген жоқ, бірақ ол журналдардың пайдалы зат екенін түсінетін еді. Оның үстіне, қызметкердің журналдары айырықша, өмірге өте бейім келетін. Мұнда жер бетіндегі өмірдің қалай жүріп жатқаны, жарық дүниеде Құдай шындығы үйрететіндей қалай өмір сүру керек екендігі айтылатын.

Ауру кемпір, Ондрачиктің әйелі де қызметкерге риза болды.

— Ол маған ұлым сияқты күтім жасайды, жалпы алғанда, тамаша жігіт. Ол менің күйеуімнің кішкентай плитқа қоюы керек екендігіне көзін жеткізді, сөйтіп, Дорка аулада тамақ пісіретін болғаннан бері маған едәуір жеңіл болды: ас үйдің исі мен үшін төзгісіз еді. — Бізде отын көп жағылады, — деп менің шалым ашуланбауы үшін ол орманнан екі арба отын әкелді. Бір сөзбен айтқанда, басқа қызметкерге бұйрық арқылы жұмыс істеткізсең, Мефодий бәрін өзі істейтін болды.

Бір күні кешке таман Подгайский Ондрачиктің етігін алып келді, дәл осы сәтте Мефодий қожайынына дауыстап оқып отыр еді. Қожайын оны ілтипатпен шақырып, отыруын өтінді. Ол мүлде ішпеген сау екен.

Соңғы кездері Мефодий бұрынғыдай етікшіге бармайтын, керісінше, оның өзі келетін. Бұл бәрі

үшін ыңғайлы еді. Осылай бүкіл жиын жиналатын.

Сәл қараңғылық түсісімен, Мефодий Петрачқа баратын болды. Қатыңдар Петрачтің үйінде Мефодийдің Самконы сауаттылыққа үйретіп жүргенін бүкіл ауылға жайып жіберді.

Бірде Мефодий үй қожасының әйелінен өзімен бірге Петрачтың ұлын ертіп келуге бола ма? — деп сұрады.

— Ал неліктен болмайды? — деп жауап берді кемпір. — Байғұстың уақыты тезірек өтеді ғой.

Сөйтіп, бәрі бірге жиналды, сондықтан қысқы кеш те елеусіз өте шығатын. Көптеген қауырсындар да жұлынды. Андрей енді жігіттермен төбелеспейтін болды. Ондрачик енді шарапханаға бармай, керісінше, ас қасық жонып отырды, осы іске Самконы да үйретті.

Бірде олар дөңгелене тығыз отырған кезде Дорка Дәуіт қарттың ауырып қалғанын хабарлады.

— Онда оған салқын тиюі мүмкін: оның үйінде пеш жағып беретін біреу бар дейсің бе?

Мефодий ештеңе деген жоқ. Ол нақ осы сәтте кітап оқып отырды. Оқуын аяқтап, ол дереу орнынан тұрып:

— Қайырлы түн! — деді.

— Көресіңдер, ол еврейге кетті, — деді Андрей.

— О, ол онда жиі, барып тұрады, — деп сөзге араласты Самко. — Мен оның Дәуітке су апарып жүргенін талай рет көргенмін.

— Қане, Андрей, терезесінен қарап жіберші, ол

сонда ма, онда не істеп жатыр екен? — деп айқайлады Дорка.

Андрей кетіп қалды. Сәл уақыт өткен соң ол қайтып келді.

— Сен Мефодийді көрдің бе?

— Иә. Еврей төсекте жатыр, ал ол оған шай дайындап берді. Қазір оған кітап оқуда.

— Ол оған не оқиды екен? Дэуіт тек немісше және еврейше ғана оқуды біледі, ал біздіңше, словакша түсінбейді. Мен одан сұрағанымда оның өзі солай айтқан, — деп таңқалды Самко.

Алайда қарт еврей Мефодийді ықыластана тыңдағаны сондай, көзін одан айырмай қарап отырды.

— Таң қаларлық! Анадан да, мынадан да бас тартпайды! — деген Мефодий туралы сөз, Подгайскийдің аузынан еріксіз шығып кетті.

— Шынында да таң қаларлық! Құдайға шүкір, ол біздің арамызда жүр, — деп келісті бәйбіше. — Ол бізде болғаннан бастап, Америкадағы біздің балаларымыздың қалай өмір сүріп жатқанын үнемі біліп отырамыз. Біз бұрын бір емес, айлар бойы олар туралы ештеңе естімейтінбіз. Біздің ешқайсымыз дұрыс хат жаза алмаймыз, ал ол менің оған айтқанымдай, нақ сондай етіп жазады. Сөйтіп, балалар да риза. Тек Мефодий бір нәрсені ғана орындамай жүр: мен оған — өзің туралы да бірдеңе жаз, — деп айтып едім, ол бұдан бас тартты.

— Мен өзім туралы не әңгімелемекпін? — деп жауап берді ол. Қыс өтіп, көктем келді, бірақ ауыл

тұрғындары Мефодий туралы бұрынғы білетіндерінен артық ештеңе білген жоқ.

Бірде, жексенбі күні, Ондрачик Мефодиймен бірге бақта тұрды. Олардың алдында шөп пен бұта сирек өскен, шағын төмпешігі бар батпақ жатыр еді.

— Тыңдаңыз, қожайын, — Мефодий қолымен батпақты көрсетіп, — мынау, бұл жер, сіздің бүкіл шаруашылығыңыздың сиқын бұзып тұр. Сіз мұны қауымнан сатып алуға тиістісіз.

— Мен бе? Не үшін? Онымен мен не істеймін?

Шаруа өзінің парасатты қызметкерінің осындай ұсыныс жасай алғанына таң қалды.

— Не істеу керек дейсіз бе? Төмпешікті тегістеп тастау керек: саздан жақсы кірпіш жасауға болады, ал қалған топырақпен батпақты көміп тастау керек.

— Кірпіштің маған керегі жоқ. Дала маған жетеді. Бұл ми батпақтың маған не керегі бар?

— Білесіз бе? — деп беріспеді Мефодий. — Дегенмен де осы жерді сатып алыңыз, ал содан соң мен сізден сатып аламын. Маған осы ара, сіздердің жерлеріңіз ұнайды. Менде екі жүз гульден (ақша) бар, ал мен екі жыл ішінде біртіндеп лашық соғып алып, сіздің көршіңізге айналамын.

Шаруа Мефодийге күліп қойды, бірақ қызметкер қалжыңдаған жоқ. Қожайын батпақ пен төбешікті сатып алғанға дейін, Мефодий мазасын алумен болды. Содан соң Ондрачик бұл жерді өз қызметкеріне қайта сатты.

Олар мынаған келісті: Мефодий қызу жұмыс

туғанша өз жерінде әр күні үш сағат, содан соң екі сағат жұмыс істейтін болды.

Тұқым себу аяқталған соң Мефодий өз қожасына былай деп үн қатты:

— Білесіз бе? Енді біздің екі немесе үш апта қолымыз бастау болады. Міне, былай етейік: егер сіз осы уақытта менің жеріме бақташы Андрейді көмекке беретін болсаңыз, мен сізге жылдың бір ширегін ақысыз қызмет етуге уәде беремін. Келісесіз бе?

— Менің келісуіме келетін болсақ, — деп жауап берді қожайын, — егер мен сенің не істегің келетінін шынында білсем, менің өзім де саған көмектесуге дайынмын. Егер сенің бір жұп гульденің болса, онда сен бір жерден тәуірірек үйшік сатып алмайсың ба?

— Әрине. Бірақ ол нақ үйшік болар еді, ал мен нағыз үй салғым келеді, — деп күлді Мефодий. — Сіз көресіз: мен үміттенетін Құдайдың Өзі маған көмектеседі.

Қожайын келісімін берді де, Мефодий өз жұмысына кірісіп кетті. Ондрачиктің қызметкері бастаған кереметтің қалай туатынын бақылауға көршілер жиналып қалды. Жұмысқа Мефодий жалдап алған Подгайский және оның анасы, одан соң Андрей шықты. Дорка да аздап көмектесті. Тіпті Ондрачик, ол да төбені қазып батбақты көміп тастады. Олардың бәрінің бірге төбешіктен саз әкелгені сондай, жерді тегістеп қана қоймай, оны көшеден де жоғары биіктетті.

Мектеп бағынан Мефодий жас ағаш сатып алып, оларды үш қатар етіп отырғызды. Жаз болған кезде барлық ағаш көктеп кетті. Әдемі бақ пайда болды.

Науқан уақытында кірпіш құю ісі де басталды, кірпіш дайындауды басқалар ораққа кеткеннен кейін, жалғыз Подгайскийлер жалғастырды. Соған соң олар да ораққа кетті.

— Ондрачиктің қызметкері бізге осындай тамаша ақы береді деп кім ойлаған, — деді Подгайскийдің әйелі Мефодийге батасын беріп. — Оны бізге Құдайдың Өзі жіберді.

Мартын енді ішпейтін болды. Ол өткен өмірі үшін қатты өкініп, жасаған жүйгенсіздігі үшін Құдайдан кешірім сұрады.

2 — ТАРАУ

Жаздың тамаша күні еді. Адамдар егінді көруге шықты. Басқалардың соңынан үй қожасы Петрач та кетуге жиналды.

Ол енді сюртугін кигісі келгенде, кенет бөлмеге Мефодий кіріп келді. Қонақ осал емес еді, өйткені Петрач, көршінің қызметкері өзіннің ұлына оны әріптерді дұрыс жазуды оқытып, оларды біріктіріп жазуға үйретіп, қандай шапағат жасағанын жақсы түсінетін.

Петрач намысқор адам еді, сондықтан өзінің

ұлының надан болып қалғаны оған өкінішті еді. Сондықтан да Мефодийдің кіргені оған ұнады. Петрач қонақтың ұлына келгенін білетін, бірақ онымен өзі баяғыдан бері-ақ әңгіме шерткісі келіп жүрді. Ол оған орын ұсынып, қатарына отырды.

— Самко қазір келеді. Ол шамалы серуендеп қайтқысы келіп еді, бірақ үйге оралу үшін оған қанша көп уақыт керек екенін өзің білесің ғой.

— Осынысы жақсы, — деп күлді Мефодий. — Ұлыңыз әзір үйде жоқта мен сізді кездестіргеніме қуаныштымын, көршім. Мен сізге көптен бір маңызды іс туралы айтқым келіп еді.

Петрач аң-таң қалды: Мефодий бұған соншалық не айтар екен?

— Сіз қашан болмасын өзіңіздің жалғыз ұлыңызға бұдан әрі не болатынын ойландыңыз ба?

— Қайыршы болады! — деді Петрач қатыгездікпен. — Мен неге кінәлімін? Өз бөлігін ол алады әрине, бірақ ол онымен не істейді? Одан ешқандай шаруа шықпайды...

— Мен де солай ойлаймын. Мен жуырда сіздің өз үйіңізге күйеу балаңызды қабылдамақ болып отырғаныңызды естідім. Әзір ата-анасы тұрғанда Самко нашар өмір сүрмейді. Бірақ сіз жоқ болғанда, онда не болмақ? Оған басқалардың рақымы немесе рақымынсыз өмір сүруге тура келеді, ал ол сіздің жар дегенде жалғыз, тұңғыш ұлыңыз ғой.

— Мұның бәрін сен маған несіне айтып отырсың? — деді де, Петрач басын салбыратты. —

Мен оның болашағына қайғыра қараймын... Ол неге жарық дүниеге туды екен?

— Бұл оның тілегіне байланысты болған жоқ, — деді жігіт дереу қарсыласып. — Сондықтан сіз, қымбатты көрші, әке ретінде бұлай айтуға тиісті емессіз. Егер Тәңірім сіздің ұлыңызға өмір берсе, Ол ол үшін өмірлік мақсат та белгілеген, соған орай, сіз оның қамын жеуге міндеттісіз.

— Сенің денің сау болып тұрғанда саған бұлай айту жеңіл, бірақ оған қалай болмақ?

— Егер сіз өз ұлыңыздың қамын ойлағыңыз келсе, мен сізге жақсы кеңес бере аламын.

— Неге олай етпеске! — деп үн қатты да, қарт Мефодийдің қолынан ұстай алды.

— Сіз басты көшеде тұрасыз. Болыстық басқарманың халқы бұл жерден жақын өтеді. Өзіңіз үйіңіздің жанынан оған жай салып беріңіз де, ол үшін сауда ісін ашыңыз. Ол шошқа майын, үн тағы сол сияқтыларды сата бастайды. Сіз қалада жиі боласыз, сондықтан оған қажет заттың бәрін әкеп бере аласыз. Сонымен, сіз бірер жүз гульден жұмсап, өз ұлыңыздың болашағын сенімді түрде қамтамасыз етесіз. Сөйтіп, сіз әлі тірі тұрғанда ол сіздің наныңызбен күн көреді, сіз оған қамқорлық жасайсыз. Кейіннен ол дені сау, көрнекті еркек болған кезде, тіпті үйлене де алады. Оған кез келген инабатты қыз қуана күйеуге шығады.

Құдайдың көмегімен мен Самконы оқуға үйреттім, — деп жалғастырды Мефодий, бұл кезде Петрач тек басын изей беріп, оған шектен

тыс таңқала қарады. — Мен ол жөнінде Дәуіт қартпен сөйлестім, ол оны есеп ісіне үйретіп, сауда туралы қажетті мағлұмат беруге келісті. Сауда ісінде евреймен ешкімді де салыстыруға келмейтінін сіз білесіз ғой. Біздің сізбен сөйлескеніміздің бәрі туралы әйеліңізбен ақылдасып көріңіз, ал мен бұл кезде сіздің ұлыңызбен шамалы уақыт орманға барып келеймін.

Петрач бұрылып үлгермей-ақ, бөлмеде жалғыз қалып қойды. Ол терезеге қарап, Мефодийдің қызу әңгімелесіп, өзімен бірге Самконы ертіп бара жатқанын көрді.

— Ол мұнда маған не айтып кетті, — деп ойлады жалғыз қалған қарт. — Оның солай пайымдайтынын қарашы? Сенің кітабың не? Ойлап көрші! Батбақты көмгені де сондай таңқаларлық... Мефодий жарық дүниені көп аралап, көпті көрген болуы керек, — деп Самко дұрыс айтады. Оның айтқаны шындығында да дұрыс. Егер менің баламнан бірдеңе шықса, шынында да қуанар едім.

Егіндікке егінді көруге жиналып жатқан әйелін Петрач шақырып алды. Бүгін олар бұл істі кейінге қалдыруға ұйғарды да, ұлын қалай жақсы орналастыру керектігін талқылаумен айналысты. Анасы өзінің сүйікті ұлынан да, бірдеңе шығады екен ау, — деген үміттен бірден жасарып кетті.

Осы кезде, бұл екеуі өздерінде кеңесіп отырғанда, көршілес еменді орманда балалар үлкен шеңбер болып отырды. Мефодий оларға әңгіме айтты.

Ауылда бүкіл балалар Ондрачиктің қызметкерін жақсы білетін, өйткені балалар өздеріне кімнің қайырымды және кімнің жанашыр екенін жақсы түсінетін. Мефодий шынында да балаларды жақсы көрді. Ол бұлақтың жанындағы өзінің төбешігінің артынан балалар онда шомыла алатындай үлкен қазан шұңқыр қазды. Сол жерден балық аулауға ыңғайлы болу үшін үйінді жасады. Жайылымда қиын жағдайларда ол бақташы балаларға үнемі көмектесетін. Көктемде, егер кешкілік бос уақыты болса, ол тал шыбықтан ысқырғыш, аю бадамнан бүріккіш пен шартылдақ, жаңғақтан салдырмақ жасайтын. Оның қалтасы үнемі осы балалар базарлығына толы болатын, сондықтан оларды балаларға жомарттықпен сыйлайтын.

Сондықтан балалар да жігіт ауылда ма немесе далада ма, қайда жүрсін топ-тобымен ізінен жүгіріп, барлық жерде соңынан «Мефодий аға! Мефодий ағай!» — деп айқайлап жүретін.

Бәйбіше Мефодийге далада жүргенде кешкі тамаққа беретін нан мен ірімшікті де кішкентай достар жасағы жиі-жиі жеп қоятын.

Бірақ егер олар бәрі бүгінгідей Мефодийдің жанына жинала қалып, оның аяғының жанында отырып, әңгіме тыңдай алса, балалар үшін ең үлкен қуаныш осы еді.

— Сонымен, Мефодий ағай сияқты дүниеде ешкім де әңгіме айта білмейді, — дейтін. Бұл балалардың ортақ пікірі болатын.

Міне қазір де қойлар мен сиырлар көрші ша-

бындықта жайылып жатыр, ал балалар тып-тын-ныш отырып әңгімені күтуде.

Бір бала қолына өзі тапқан жас, өлі қарлығашты ұстап отырды.

— Қарлығаш па?! — деді Мефодий құсты көріп, балаларға не айту керектігін ойлап. — Қаласаңдар, мен сендерге қарлығаш туралы айтып берейін.

— Иә, иә, қарлығаш туралы. Қарлығаш туралы, Мефодий ағай!

— Онда тыңдаңдар! Қарлығаштар бізге қалай ұшып келеді екен. Сонау алыстағы елде, онда Туылу мейрамы күнінде ағаштар көктеп, жемістер пісетін, біз білмейтін ғажайып гүлдер өсетін жерде, бірақ онда зәрені алатындай көптеген жыландар бықып жататын сол жерде, сол бір алыс Африкада біздің қарлығаштар жиналыс өткізді.

Бұл өзі бір ғажайып жиналыс болды. Таңертең барлық қарлығаштар таза суға шомылып, өздерінің қанатты жасауларын дұрыстатып, сөйтіп, әрқайсысы нағыз жасаулы бикештей болып көрінді: қара шаштары жылмитып таранған, кішкентай қара денелері барқыт түстес көрінеді, көздері қап-қара болып жылтырап, кеуделеріне қара жилет, содан соң сарай маңындағы бикелер сияқты ақ биялаймен артқа ұзынынан сүйретілген көйлек киіп алған.

Африкаға қарлығаштар тұс-тұстан жүздеп, мыңдап ұшып келеді. Сөйтіп, бәрі жиналған кезде жиналыс басталады. Ән айтып және сиынумен бастайды. Сендер таңданасыңдар ма? Құстың

сиынатынына сенбейсіңдер ме? Ал неліктен? Олар да адамдар сияқты қуаныш пен қайғыны сезеді. Жаратушының көмегіне мұқтаж болады. Мен де қарлығаштардың өз әнімен Құдайға сиына алатынына сенімдімін.

Сонымен, олар сиынуды бастайды. Кейін бәрі тына қалады, өйткені оларға Африканы тастап, өздерінің бұрынғы отанына оралатын кез келді, — деп хабарлайды. Тек қай күні, қай сағатта ұшатынын бірлесе анықтап, саяхат кезінде өздерін қалай ұстау керектігі туралы ережені нақты белгілеп алуы қажет болды.

Қарлығаштар өз орталарынан ең үлкен басшы кеңесшіні бірауыздан сайлап алып, содан соң оны ықыласпен тыңдай бастайды.

— Ертең ертеңгісін, құлқынсәріде сендер біздің жыл сайынғы ұшар алдындағы болатын жиынымызға келуге міндеттісіңдер. Кім кешіксе, Африкада қалады. Осы жерден біз әуелі алдымен үлкен суды-теңізді көргенше ғажайып өлкелердің үстімен ұшамыз.

Еске сақтаңдар, біз бәріміз бірге ұшуға міндеттіміз, өйткені кім артта қалса, соған жыртқыш құстарға жемтік болу қаупі туады. Жыртқыш құстар үлкен тобырдан қорқады, ал жекелеген шымшықтарды олар дереу пәршелеп тастайды.

Ал әзірге біз құрғақ жердің үстімен ұшқанда, сендер мына ережені қатаң сақтауларың керек: жиі-жиі және ұзақ демалу қажет. Тағы да мынаны еске сақтаңдар: сендердің маңайларыңда көп

шыбын-шіркей болса, сендер оларды жеуге тиісті емессіңдер, әйтпесе ұшу ауыр болады.

Теңіз жағасында тағы да жиналыс құрамыз да, өздерімізді бүтіндей Жаратушының қолына тапсырамыз: бұдан арғы жол қауіпті. Сендер судан басқа ештеңе де көрмейсіңдер. Су, тағы су, одан басқа ештеңе жоқ. Бірде-бір демалатын титімдей жер болмайды. Жәрдем мен күш тек бір Құдайдан болады. Сондықтан да теңіз арқылы бір Құдайдың әміріне сиынып, бізге берілгенді қатаң сақтаған қарлығаштар ғана ұшып өте алады. Сиынып алайық. Сиына отырып, біз жолымызды бастаймыз және сиына отырып, оны жалғастырамыз.

Бәрі сиыну әніне қосылды да, сөйтіп жиналыс аяқталды.

Келесі күні үлкен, әдемі, өзеннің жағасы мүлде қарауытып кетті. Әуелі мұнда жүздеген қарлығаш, содан соң мың, бес мың, он мың, ақыр аяғында, тіпті оларды санап шығуға мүмкіндік емес көптеген қарлығаштар ұшып келді.

Қанаттылардың осынау үлкен тобының ана жерінде де, мына жерінде де кәрі қарлығаштар бар еді, сөйтіп, мынандай тәртіп ұсталды: олар жолбасшылар болып сайланды. Кейбір жолбасшы қарлығаштар кәріліктен мүлде ағарып кеткен. Олар жердің шаңы ешқашан жұқпағандай аппақ әрі таза болатын. Олар бәрін де сиынуға және ортақ, әрі сүйікті Әке Құдай алдында бой ұсынуға шақырды.

Тобырда кішкентай балалар құсап, секектеп жүрген көптеген балапан қарлығаштар да бар еді. Олар өз қанаттарын өлшеп, өздерінің жақсы ұша алатындарын тексерді. Олар теңіз арқылы ұшу — түкке тұрмайтын іс, — деп ойлады. Олар бір-бірімен танысып, бір-бірімен албырттықпен төбелес бастады.

— Тастандар мұны! — деп, тиып тастады жолбасшы кәрі қарлығаш. — Сендер ешкіммен төбелесіп, тұмсықтарыңмен және тырнақтарыңмен күрес жүргізуге тиісті емессіңдер: сендерді Құдайдың Өзі сақтайды. Егер сендер әрбір жыртқыш құспен күрес жүргізетін болсаңдар, онда ешқашан мақсаттарыңа жете алмайсыңдар.

Басқа жас қарлығаштар өз істерімен шұғылданды. Олар кішкентай қыздар немесе жеңіл мінезді бойжеткендер құсап, кімнің киімі қандай екенін, кім жақсы таранғанын, кімнің етегі ұзын екенін тынымсыз мылжыңдасты.

Оларға данышпан қарлығаш ұшып келді:

— Құдай туралы, алда тұрған алыс жол туралы ойлаңдар. Сендерді сұлулық сұмдық апаттан құтқарып қалмайды. Теңізде біреулерің қандай бір апатқа ұшыраса, сұлулығы да сонымен бірге жоғалады, — деді ол.

Кәрі қарлығаштар жастарды жинастырып, әсіресе мүлде ұйпа-тұйпасы шыққан қызу қанды төбелес құмарларды тәртіпке келтірді. Содан соң бәрі сиыну әнін шырқады, бұдан кейін сан жетпес мыңдаған кішкентай кеуделерден:

— Хош бол, Африка! Көріскенше бәрі жақсы болсын! — деген сөздер үздіксіз шықты.

Қанаттылар қара құрымдай қаптап, күн бетін жауып кетті, ал адамдар болса, жұмыстарын тастап, құстарға қарап:

— Қарлығаштар үйлеріне ұшып барады, — деді.

Иә, бұл бір тамаша жол еді. Төменде орман, өзен, егістік, шалғын, ағаштар әдеттен тыс сұлулықпен көсіле қалып жатты. Жолбасшылардың нұсқауларына сәйкес жолаушылар жиі-жиі әрі ұзақ демалатын, соған орай бір қарлығаш та шаршап-шалдыққан жоқ.

Ақыр соңында алыстан теңіз көрінді.

— Тоқтаңдар! — деген бұйрық естілді.

Көптеген қарлығаштар тоқтаусыз әрі қарай ұшқысы келді, бірақ жолбасшылар бұған рұқсат бермеді: қанаттары демалуды талап етіп, сиынумен қуаттануды аңсады.

Жолбасшылар өз табынын қарап, бәріне сұрау қойды. Кім сәл-пәл жарақаттанды ма, немесе қанаты мыжылып қалды ма, немесе қандай бір ауруға ұшырады, — осының бәрін мәлімдеулері керек болды. Қалғандары оларды сауыққанша күтуге тиісті.

Біреулері өздерінің сырқаттығын мәлімдеді; енді біреулері ұзақ жолда ұсақ-түйек бір жамандыққа ұшырауы мүмкін болғанымен, ондайға назар аударғысы келмеді. Енді бір қарлығаштар басқа айтылғанды орындамады: олар өз маңайынан қисапсыз шіркей көріп, ұстамсыздыққа салын-

ды да, бір шіркейді бірінен соң бірін қақши бастады. — Өзіне және өз қалауына тоқтам салғандар ғана теңіз арқылы ұша алатын жағдайда болды, — деген дана қарлығаштардың сақтандырулары көмектескен жоқ: бұл айтылған сөздер олардың бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып жатты.

Осы аздаған күн ішінде олар теңіз жағасында демалды, құймыр қарлығаштардың толығып, жалқаулана түскені сондай, олар қайда отырса да, дереу ұйқыға шоматын, ал олар әлі қалғымаған болса, онда дереу шіркейлерге тиісетін. Қарлығаштар ең көп жиналатын сиыну жиналыстарында олар ұйықтап кететін, тіпті бәрі ән шырқаған кезде олардың дауыстары естілмейтін, ал егер олар басқалармен қосыла ән шырқаса, онда олардың бүкіл жалбарынышы тек шіркейлерге келіп тынатын.

— Сонымен, біздің Жаратушымыздың үрметіне сиынып, одан әрі ұшамыз! — деген үн бүкіл табынды шарлап кетті. Сөйтіп, мыңдаған дауыстар:

— Хош бол, Африка! Құдай саған жар болсын! Хош бол! Біз теңіздің арғы жағындағы үйімізге ұшамыз! — деп тағы да айқайлады.

— Үй-ім-і-з-г-е-е! — деп іліп алды жаңғырық.

Енді, міне, жуырда ғана өзен жанындағы жиында теңіз түкке тұрғысыз, — деп ойлаған ақымақтардың көп кешікпей теңіздің үлкен екеніне көздері жетті. Олар ұзақ ұшты және ұшы қиырсыз судан басқа ештеңені де көрген жоқ.

Аяқ пен қанат та шаршады, бастары төмен салбырап кетті, иә, олар демалатын жерді қаншалық күшті аңсады десеңші, бірақ жолбасшылар тек қана:

— Ұшу, ұшу керек! — деп айқайлаумен болды.

Жағалауда өздерінің жарақаттанғаны мен қанаттарын жаншып алғанына үндемеген қарлығаштар бірінен соң бірі терең суға құлап түсіп жатты. Егер, дені сау қарлығаштар құлай қалса, су сәл уақытқа оны ағысымен алып кететін де, содан соң құс көтеріліп, жаңа күшпен ұша беретін. Әлсіздер пыр етіп ұшып кете алмай, суға тұншығып, батып кете берді.

— Күтіңдер бізді! Күтіңдер! — деп айқайлап, сиынды олар.

Бәрі бекер. Жолбасшылардың жауабы тек бір ғана: «Ұшу, ұшу!» — деген сөздер болды.

Басқаша болмайтын еді, өйткені Құдай әрбір парасатты құстың қанатына теңізден ұшып кетуге қанша керек болса, сонша күш берген болатын. Әр минут сайын күш азая берді, ал құстар тоқтап, күтуге шамалары болмады.

Байғұс, тілазар жәндік! Олар жағалауда өздерінің тән тілегіне қарсы тұра алмады, ал қазір ұшу үшін шектен тыс ауыр болып шықты, сөйтіп, осынау артық салмақтың салдарынан олардың денесі теңізде опат болып жатты.

Бұған қосымша найзағай ойнап, жаңбыр жауып, дауыл басталды. Қарлығаштар теңізге жүздеп құлап жатты. Неғұрлым жеңіл әрі күштілері

құтылып кетті, ал әлсіздерінің бәрі апатқа ұшырады. Өздерінің тыңдамағандары үшін олар теңіздің ғаламат тереңінде опат болды. Сөйтіп, енді олар өз отанын да, өз ұяларын да көре алмады.

Қарлығаштар мүлде қалжыраған кезде олар қиырдан бір кемеңі көріп, бәрі сонда ұмтылды. Иә, бұл недеген қуаныш еді! Теңізшілер, рас, бұл қонақтарға қуанған жоқ, бірақ кемеде келе жатқан жолаушылар олардың нәзік шықылықтауларына масаттанып, қарлығаш арқылы отандарына сәлем айтты.

Бәрі бір мезгілде діңгекке симайтан еді, сондықтан олар кезектесе дем алды.

Көп кешікпей, жаңадан найзағай ойнады, сөйтіп, қарлығаштарға бәрі құрып, бәрі опат болатын құсап көрінді.

— Жоқ біз аман қаламыз!- деп айқайлады дана жолбасшылар. — Сеніңіздер және сиыныңыздар: Тәңір бізге күш береді.

— Жер! Жер! — деп айқайлады.

Сөйтіп, құстар бүкіл тобы шаттанды. Құстар өздерінің соңғы күштерін жинады. Бірақ жағалауға — соңғы сәтке дейін құдіретті күшке сиығандар ғана жетті. Ал үмітін жоғалтқандар Еуропаның нақ жағалауына жеткенде опат болып жатты.

Олар сәл тынығып, өздеріне келгенде тағы да бірге жиналды. Олар сиынудан бастап, рақымы күшті Жаратқанға желеп-жебегені үшін шаттық әнімен алғыстарын айтты. Бұған дейін олар бірге

ұшып келген болатын, енді айрылысар күн туды. Әрбір қарлығаш өзінің туған жеріне ұшып кетуге тиісті еді.

Құстар тобында Англия, Франция, Германия, Ресей, Австрия, Венгрия және басқа елдерден шыққан қарлығаштар бар еді. Әуелі олар елдерге, содан соң өлкелерге, ақыр аяғында қалалар мен елді мекендерге бөлінді.

Айрылысар алдында барлық қарлығаштар өз жолбасшыларына алғыс айтты, содан соң, қоштасып, әрбір топ өз жағына қарай ұшып кетті. Ұшып келе жатып, олар бір-біріне айқайлады:

— Сіз қайда барасыз?

— Біз Петербургке барамыз!

— Ал біз Мәскеуге!

— Ал сіз қайда ұшып барасыз?

— Румге!

— Вологдаға!

— Парижге!

— Құдай жар болсын! Оң сапар болсын!

Ұшыңыз!

Африкадан шыққан құстар осылай үлкен теңіз арқылы әрқайсысы өз өлкесіне, өз қаласына, өз елді мекеніне, әркім өзінің туған ұясына ұшты. Олар біздің ауылымызға, біздің үйіміздің төбесіне де ұшып келді. Үлкен шаттық үстінде ұшып келді, біз де бұған қуанып:

— Иә, қарлығаштар ұшып келді! Демек, кешікпей жаз болады, — дейміз.

— Міне, балалар, қарлығаштар да, осылай үйле-

ріне оралды, — деп аяқтады сөзін Мефодий. — Сендер де осылай үйлеріңе ораласыңдар ма? Әлде, сендер, үйдеміз және мәңгі бақи осында боламыз, — деп ойлайсыңдар ма?

— О, жоқ, — деп қарсы болды ересек балалар, — біздің бәріміз өлуге тиістіміз ғой!

— Ал содан соң не болады?

— Содан соң молаға түсеміз! — деп айқайлады біреуі.

— Көкке кетеміз! — деді екінші біреуі.

— Иә, көкке, біздің отанымызға кетеміз. Бірақ сендер қалай ойлайсыңдар: сендер бірден көкке түсесіңдер ме? Қарлығаштар бұл үшін не істеді?

— Олар сиынды, Құдай қалауын істеді.

— Шіркейді көп жемеді, — деді енді бір балақай.

— Олай болса байқаңдар: егер кімде-кім таудағы Отанына оралғысы келсе. ол өз қалауын емес, Құдай еркін орындап, Құдай тыйым салғанды істемеуі керек. Өйткені біз өзімізге қызмет етуіміз үшін емес, жер бетіндегі Құдай ісіне қызмет ету үшін өмір сүреміз. Маған өздеріңе үйреткен Інжіл аятын айтып беріңдерші!

— «Өйткені Адам Ұлы — Өзіне қызмет еттіруге келген жоқ, керісінше, — Өзі қызмет етуге және көптеген адамдарды шайтанның тұтқынынан құтқарып, бостандық төлемін төлеуге өз жанын қию үшін келді» (Мат. 20:28), тағы да «Өйткені Адам Ұлы адасқандарды іздеп, құтқаруға келді» (Лұқа 19:10).

— Білесіңдер ме, Адам Ұлы деген бұл Кім? — деп сұрады Мефодий.

— Иә, бұл Иса Тәңір ғой! — деп айқайлады балалар.

— Сөйтіп, Ол кімді құтқаруға келді?

— Бізді!

— Иә, бізді! Сені, мені, сенің жақындарыңды, біздің жауларымызды, бүкіл адамзатты. Менің айтқанымдай, Ол біздің күнәларымыз үшін айқышта өлуге келді. Сондықтан өз өмірінде кімдекім Иса Мәсіхтің ізімен жүріп, Құтқарушы үйреткендей ойланып, сезініп, әрекет ететін болса, сол адам құтқарылуға ие болып, өз күнәсі үшін одан әрі азап шекпейтін болады. Бұл — ұлы қуаныш. Әрбір діндар көкке, өз отанына, өзінің туған ұясына ұмтылғандай талпынады. Ал енді барыңдар: сендердің малдарың мазасыздануда. Содан соң, қарлығаштардың алыстағы елден өз отанына қалай келгенін ұмытпаңдар. Өздеріңді сақтаңдар және олардың тек есті құстар ғана жеңе алатын алыс жолдан ұшып өтуге тура келгенін еске сақтаңдар. Ал алда тұрған ұшуға жеңіл-желпі қарап, немесе ол жөнінде мүлде ойланбаған басқа құстар теңізге батып кетті.

Балалар бірінен соң бірі шалғындағы өз малдарына жүгіріп кетті, ал Мефодий мен Самко болса, өздерінің терең ойларына беріліп, екеуі қалды.

— Тыңда, Мефодий, — деді кенеттен Самко, — бұл бір қарлығаштар туралы тамаша әңгіме екен.

Өйткені үйге, аспанға біздің оралуымыздың осы көрінісі біздің бәріміздің мұнда, өзіміздің Градово елді мекенінде ешуақытта нағыз жолда тұрманымызды көрсетеді.

— Сен солай ойлайсың ба? Ал неліктен олай? — деп Мефодий көңілді жымып қойды.

— Мұның себебі, қарлығаштардың бәрі Құдайдың жарылқауынан бастап, өз ұшуына сиына отырып, дайындалды, ал біз-өзіміздің «Африкамызда» мұнда шынымен-ақ мәңгі бақи қалатындай тұрып жатырмыз. Біз сиыну арқылы ештеңені де бастап әрі аяқтамаймыз. Иә, сиыну да біздің ісімізге, бәлкім, мүлде тура келмейді: біз мүлде басқа өмір сүрудеміз.

— Ал мұның себебі неде? Әлде кішкентай құстарға қарағанда Тәңір игілігі біздерге азырақ па? Әлде Ол біздің игі істерімізге көмек беруге дәрменсіз бе? Әлде Ол біздің Оны бағалауымызға тұрмай ма?

— Біз ол жөнінде ойламаймыз. Түнектегі көртышқандар құсап, нұрды еске алмай тұрып жатырмыз.

— Білесің бе, Самко? Қарлығаштар өз отанына ұшар алдында бірлесіп дұғалық жасады. Біздің Градовода бүкіл ауыл ортақ дұғалыққа жиналып, Құдайға берілуін күту және «теңіз арқылы жағаға өтіп», Одан жанымызды мәңгі құтқару үшін күш беруді сұрау, — бәлкім, мұның қазір мезгілі келмегенін мен түсінемін. Бірақ мынаны айтшы: егер ауыл мұны бірлесіп, бірде-бір рет

істемеген болса, онда мысалы, біз екеуміз осыны осы жерде, дәл қазір бастай алмаймыз ба?

— Осында ма? Қазір ме? Мен дұғалықты — ғибадатханада жасау керек, — деп ойлаймын.

— Біз сенімен бірге қазір нақ сол ғибадатханадамыз. Адам қолымен жасалған емес, Құдайдың Өзі жасаған ғибадатханадамыз. Құдай барлық жерде, кез-келген орында, сондықтан бүкіл дүние — Оның ғажайып ғибадатханасы. Сен бұл жөнінде ойлаңдың ба?...

— Иә, бұл дұрыс, бірақ мен қазір сиына алмаймын! Мен не жөнінде және қалай сиынуды білмеймін.

— Ұят екен! Құдайға не айту керектігін білмейсің бе? Үйде әкеңмен және шешеңмен сен сөйлесесің ғой? Сен оларға айтуға сөз табасың. Егер сен оларға екі күн бойы үндемесең, саған бұл іш пысырарлық, ауыр көрінер еді. Сенің сөзің жоқ болса, Көктегі Әкеңе де айтар ойың жоқ? Өз маңайыңа қара! Өзіңнің ішкі сарайыңа үңіл! Сендегі қайырымдылық, жақсылықтың бәрі — Оның саған бергені. Сені жаман, сиықсыз, былғаныштан тазартып, сауықтыру Оның қолында. Үйге, көкке, теңіз арқылы ұшу үшін саған не жетпейді? Саған бұл үшін күшті Кім береді? Құдай — үнемі Құдай және барлық жерде де Құдай, біздің Көктегі ортақ Әкеміз береді. Ал сен Онымен сонда сөйлесе алмағаның ба? Сен қалай сиынуды білмейсің бе? Шынымен-ақ, саған көкке баруға нұсқау керек емес пе? Шынымен-ақ, саған игі,

қуанышты, нағыз Құдай өмірін құру керек емес пе? Шынымен-ақ, ақыр аяғында, сен өзіңнің ішкі сиықсыздығыңды сезініп, өзіңнің залым жаныңды іздемейсің бе және сенің бұл туралы жылап, өкініп әрі кешірім сұрағың келмей ме?

Самко үндемей қалды. Оның жүзі ойлы, көзі қиырға қадалып қалған еді: басында қызу жұмыс жүріп жатқан болатын...

Достар орманнан үйге едәуір кешігіп келді. Өз ойына берілген Самко ата-анасының қалай өзгергенін байқаған жоқ: анасы сондай қуанышты және әкесі оған әдеттен тыс мейірімді болды. Ол өз үйінің басқышында отырып, пішеннің үстіндегі қарлығаштың ұясына, сонда ұшып, кіріп-шығып ұшып жатқан құстарға қарап қалды: оның құлағында: «Қарлығаштар үйіне қайтты...» — деген сөздер шыңылдап тұрды.

— Иә, — деп күрсінді ол, — бұл жыл сайын осылай еді ғой, мен де Тәңірдің маған әр құс арқылы рухтандырушы белгі жіберетінін, сондықтан менің де Көктегі Әкеміздің үйіндегі туған ұяма қайтуыма тура келетінін және бұл саяхатқа мұқият дайындалуым керек екенін түсінбеген екенмін.

— Адамның Құдайға баратын жолы алыс және адамдар оны сұмдық шатастырып жіберген! — деді оған Мефодий орманда қоштасып жатып. — Ең алдымен, Құдайға жолбасшы карта керек. Бұл карта — Құдай Сөзі, Иса Мәсіх туралы ілім. Осы картаны үйрен! Сөз соңынан сөзді, ой артынан

ойды ұғып және осы бағытта өзің жүр де, басқаларды да алып жүр, өзіңмен бірге шақыр.

Самко Мефодийдің осы сөзін еске алып, былайша ойлады: «Бұл дұрыс, біздің өмірімізде дұрыс жолды осылай ғана таңдап алуға болады; менің ештеңе білмейтінім, әріптерді қиындықпен ажырататыным ғана қиыншылық туғызады. Әуелі Құдай картасын өзім үйреніп алайын, ал жақсы түсінген кезде басқаларға да түсіндіремін».

3 – ТАРАУ

Қарт еврей Дәуіт өз үйінің алдындағы бұтақты жаңғақ ағашының түбінде отырып, өзінің етсіз, арық саусақтарымен кепкен нанды итіне арнап үгітіп отыр. Байғұс қарт жалғыз басты еді. Жарық дүниеде оның ешбір жақын адамы, қымбатты ештеңесі болмады.

Рас, оның лашығы, кішкентай бақ учаскесі, жаңғақ ағашы мен соның астындағы отырғышы бар, бірақ мұның бәрі жақын-жуық бола алмайтын. Отаны алыс жерде болатын, ал Дәуіт қарт бұл жерге келімсек болғандықтан, ана тілінде ешкіммен сөйлесе алмайтын. Ол осы жерде қартайды, бірақ бұл жер туған елін алмастыра алмады.

Өмірін қайда өткізсе де, оған бәрібір еді. Ауылда оны ешкім ұстамайтын. Адамдар оған, ол

адамдарға үйреніп кеткен, бірақ олардың арасында өзара сүйіспеншілік болмады. Иә, енді қалай болу керек: өйткені ол еврей ғой! Қыста ол ауырып жатқанда көршілер бұл жайында білсе де, біреуі де мұның есігінен қараған жоқ: еврейде кімнің шаруасы бар? Тек бұған, оның өзі де ауылға келісек, Мефодий ғана кірді. Ол ауруды үнемі күтті. Қазір де келіп жүреді, қарт еврейден аулақтамайды. Осы үшін Дәуіт қарт оған шектен тыс алғыс айтады.

Осы Мефодийдің арқасында Дәуіт ерекше бір күй кешті. Қарт еврей өлім халінде болған және өзінің жүрегі — адамдар үшін өлді, — деп ойлаған. Бірақ ол кенет тіріліп кетті. Оны мүлде жат, бөтен жас жігіт, оның үстіне Мәсіх жолымен жүрген жігіт жылытты.

Әуеліде Дәуіт қарт Мәсіх жолын қуушылардан көп ауыр жәбір көрген нағыз еврейдің сенімсіздігімен келісектің әдеттен тыс әрекетіне шүбәлана қарады, өйткені жігіт оның қасында күтпеген жерде, нұрдың кенеттен түскен сәулесі сияқты пайда болды.

Басқа көршілер өздерімен және Ондрачик қызметкерінің арасында ешбір айырмашылық көрген жоқ, бірақ қарт еврей байқампаз болатын. Ол мұны жігіт алғаш рет оған құдықтан су әкеліп, содан соң сұрақсыз лашығында қалып, Дәуіт шалды өте жақсы көретін достарша сөйлескен кезде байқаған еді, өйткені қартты ешкім жақсы көрмейтін, әрі ең жақын адамдары тастап кеткен еді.

Қарт еврей — басқа жігіттерге тән кемшілік пен бейбастақтық онда жоқ па екен? — деп бір нәрседен қорықты. Бірақ осы кезге дейін Мефодийдің мінез-құлығы мінсіз болып келді. Жігіт ішкілік ішпейтін, Құдай өсиеттерін білетін және мұны күн сайын орындап отыратын. Қарт еврей жас Мәсіх жолын қуушының барлық адамдарды шынымен жақсы көретінін білді. Ол Мафодийді құпия бақылап, ол қандай бір болмасын көмек көрсетпеген көршісі жоқ екеніне көзі жетті.

— Қыста, — деп әңгімеледі түнгі күзетші шал, — мен бір байлам отын арқалап орманнан келе жатқанымда мені Ондрачик ат арбамен қуып жетті, сол кезде Мефодий дереу арбадан қарғып түсіп, өзінің орнын маған берді де, өзі арбаның жанында жүріп, өз үйіне дейін жаяу қайтты.

Ал көктемде Ондрачиктің жерін жыртқан кезде олардың егіндігінің жанында ұрысқақ жесір кемпір Глинарканың жері болатын, одан бәрі қорқатын, өйткені кемпір ең бір сұмдық балағаттарды аямай айтып салатын. Мефодий оның жерін жыртты. Кемпір сол кезге дейін ешкімнен қайырымдылық көрмеген. Сөйтіп, ауылға сырттан келген жігіт оған алғашқы болып көмек көрсетті.

Мұның бәрі, әрине, ұсақ-түйек іс, бірақ егер ол қарапайым ғана қызметкер болса, бұдан басқа не істей алады? Алайда ол егер адамдарға ауыр екенін байқап қалса, әрі бұл оның қолынан келетін іс болса, адамдарға сүйсіне көмектесіп жүрді.

Бір сөзбен айтқанда, ол қолынан келетінінің бәрін істейтін.

Еврей жігіттің қызметкерлікті қалай атқаратынын да бақылады. Мефодий бұл жерде ұзақ уақыт болды, сондықтан Дәуіт қарт Ондрачиктің күйеу балаларының бұл қызметкер сияқты ешуақытта да шаруашылықтың қамын ойламағанын көрді. Үйде болсын, далада болсын, ол бір жерден сәл-пәл нәрсені дұрыстау керектігін байқаған бойдан, ол мұны жасауға қожайынын мәжбүр ететін. Киелі кітапта айтылатын Ыбрайымның қызметшісінің өзі осы бір қызметкердің ақымақ мұжыққа қызмет жасағанандай өз мырзасына сенімді қызмет көрсете алмаған.

Дәуіт Ондрачикті ақымаққа санайтын. Қарт еврей оның ісінің қаншалық нашар жүріп жататынын көріп жүрді, бірақ ол оған көмектесуді ойламады. Мұның жат діндегі адамда шаруасы қанша? Ол, еврей, шаруа бұған қалай қараса, оған, шаруаға да солай қарайтын.

Мефодий басқа еді. Еврей қызметкердің өз қожасынан ақылды екенін көрді, алайда жігіттің Ондрачик жөнінде құрмет тұту мен жақсы көруден басқаны айтпайтынын Дәуіт талай естіп жүрді.

Жігіт адамгершілік жағынан да мүлде таза жан еді. Ол жас болатын, Ондрачиктің бір қызы, ал Петрачтың екі қызы бар еді. Ортақ құдық дәл еврейдің үйінің терезесінің астында болатын. Үш бойжеткен қыздың бәрі де суға келгенде, жігіттің

оларға суды қалай алып беретінін де қарт жиі көрді. Бойжеткендер оған жымиятын, ал ол да оларға ағасы құсап жымылып қоятын. Қарт еврей жігітті Мысырдағы Жүсіппен еріксіз салыстыратын. Петрачтың қыздары бейбастық болды, бірақ олар Мефодийдің арқасында, әсіресе, ол Самкоға бара бастағаннан бері өздерін әдепті ұстай бастады.

Осының бәрі Дәуітті жігітке тарта түсетін, сондықтан да, өткен аптада Мефодий оған тағы кірген кезде қарт еврей өте қуанып қалды: ол өзін Мефодийдің алдында борышты сезінді, осы себепті жас жігітке өз сүйіспеншілігін бірдеңемен білдіргісі келді. Енді міне, оның көмегін сұрай жігіттің өзі келді: ол Самконы есеп-қисап пен сауда ісіне үйретуді өтінді.

Дүниеде Дәуіт Мефодийдің сұрағанындай, оны жақсы көретініне байланысты, мұндай қызметті ешкімге де көрсетпейтін, сондықтан ол қуана-қуана, әрі шын көңілден келісім берді. Тек бір нәрсені сұрады:

— Сен өз көршің туралы несіне әбігерленесің? Онда сенің қандай жұмысың бар? Оның ата-анасы мен туыстары бар, олардың өздері Самконың қамын ойлайды ғой.

Бұл күтпеген сөздің жауабына Мефодий Петрач қартты айыптай бастар, — деп ойлады, бірақ басқаша сөз естілді. Қызметкер байсалды түрде былай деді:

— Білесің бе, көрші? Иса Мәсіх: «Тәңірі Құ-

дайды өзіңнің бүкіл жүрегіңмен... әрі өз жақыныңдай, өзіңді өзің сүйгендей сүйе біл», — деп үйретеді. Егер мен, мысалы, дәрменсіз әрі әлсіз болсам, біреу-міреудің менің қамымды жегені мен үшін өте қымбат іс болар еді. Самко жөнінде де осылай ойлаймын. Ата-анасы, әрине, оны жақсы көреді, бірақ егер олар оған көмектесе алмаса, не істеу керек? Мен болсам, оның өмірін қалай жеңілдетуге болатынын білемін. Құдай маған жақсы ой берді, сондықтан мен осы ойды жүзеге асыруға міндеттімін.

Дәуіт келісті. Жігіттің айтқаны мен істегенінің бәрі қартқа ұнады, әрі дұрыс іс сияқты көрінді. Қарт еврей бір нәрсеге төзе алмады: Мефодий оған үнемі өзінің Исасын қайталай беретін. Қызметкер оған Иса Мәсіх туралы үнемі айтатын, Көне Өсиеттің кітаптарын әр оқыған сайын Иса Мәсіхке сілтеме жасап, өзінің кез келген әңгімесін:

— Құтқарушы біздерді сүйеді, — деген сөздермен аяқтады.

Дәуіт қарт бұл жайындағы әңгімелерді сөйлескісі де, ойлағысы да келмеді. Егер ол бұл сөздерді басынан шығарып тастай алса, бұл жөнінде ешқашан да есіне түсірмес еді. Ол жігітке Ол жөніндегі, Қыздың Ұлы Кім болғандығы туралы оқығаны, жыланның басын — күнәні жаныштайтын Кім болуға тиіс екенін, Ыбрайым мен Дәуіттің тұқымы Кім болғанын, бүкіл дүниенің күнәсін Өзіне Кім алғанын, Мессия деп Кім

аталатындығын оқуға рұқсат бергендігі үшін өзіне ашуланды.

Мефодийдің аузында оның діні тамаша суреттелетін. Бұл шынында да сүйіспеншілік діні еді. Ол жәбірден ызаға толған қарт еврейдің жүрегіне сауықтыратын зәмзәм сияқты бойлай енді. Дәуітке біреу-міреу бұрын Иса Мәсіхтің ілімі туралы әңгімелесе, ол тек сайқымазақтықпен келемеж етер еді, өйткені онымен қатар өмір сүріп жатқандардың ешқайсысы өздерін — Мәсіх жолын қуушылармыз, — деп санағандарымен, Мәсіхтің ілімі бойынша өмір сүрмеді.

Олар балағаттасып, төбелесетін, кісі өлтіріп, ұрлық жасайтын, сотқа барып, бір-біріне кешірім бермейтін. Олар ғибадатханаға барғандарымен, онда айтылған уағыздарды орындамайтын.

Ауылда екі ғибадатхана бар еді: олардың біреуі католиктердікі, ал екіншісі інжілшілердікі еді, сөйтіп, Мәсіх жолын қуушылар басқасының діни нанымы мен ілімін жоққа шығаратын, алайда, осының өзінде, олар өздеріне — сүйіспеншілік пен қайырымдылықты Кім уағыздаса, Соған сенеміз, — деп ойлады. Егер олардың біреуі өзіне келіп, Иса Мәсіхтің ілімін баяндай бастаса, Дәуіт қарт ашуланған болар еді: өйткені ол олардың діни нанымдарын өмірлерімен салыстыратын. Бірақ осы бір ізгі, келімсек жас жігіт нақ өзінің діни талап ететіндей өмір сүрді; — ол Мәсіхті сүйіп, Оның ілімін орындайтын. Дәуіт мұны айқын білді. Ал егер мұны жалғыз өзі жасаса, онда шынымен-ақ,

басқалар да осылай істей алмай ма? Неліктен оның жалғыз өзі мен басқалардың арасында осындай айырмашылық бар?

Қарт бұл жөнінде көп ойланды. Бұл сұраққа оған ешкім жауап бере алмады.

— Қайырлы кеш! — деген дауыс естілді оның жанынан.

Ол басын көтерді: оның алдында әлгінде ғана өзі ойлаған және мұнда көп кешікпей көремін бе деп үміттенбеген жас жігіт тұр еді.

— Мен сізге жуырда келудің сәті түспес, — деп ойлап едім, көрші.

— Мен де сені ұзақ уақыт келмейтін шығар, — деп шамалап едім.

Қарттың әжімді жүзінде нұрлы сәуле жүгіріп өтті, ол отырғыштан қуана орын берді.

— Отыр! Мен сенің Петрачпен не жөнінде келіскеніңді білгім келеді.

Мефодий отырды да, бәрін айтып берді.

— Кім білсін, кім білсін, — деді қарт еврей ойлана басын шайқап, — іс алға басар ма екен?

— Мен жақсы болады, — деп сенемін. Істің табысты болуы үшін мен сиындым, осы сиынуым естілер, — деп үміттенемін.

Олар осылай бірер минут сөйлесті, сөйтіп, қарттың өзі жоспар құрып, Петрачтың іске қалайша дұрыс кірісуі керектігін әңгімеледі. Қарт еврейдің іскерлік таланты білінді.

— Көрші, — деді сол кезде таңқалған Мефодий, — егер сіз бұл жерде сауда ісі оңға басаты-

нын білсеңіз, неліктен сіздің өзіңіз мұны бастамайсыз? Көр-жер шүберекпен айналысудың сізге қажеті қанша?

Жігіт қарттың қолынан ұстады да, кенет терең қайғыға берілген оның жүзіне шын көңілмен қарады.

— Сен, сауда ісін мен неліктен жүргізбейтінімді айтып тұрсың ба? Ал мен сенен сұрайтыным, осыны істеудің маған қандай керегі бар? Не үшін және кім үшін әуреленемін? Мен шөл даладағы жалғыз ағаш сияқты жалғыз бастымын. Тамақ асырау үшін сәл жұмыс, іс болса, мен соған ризамын. Кәсіпсіз мен жалғыздықтан құса болып, өз қайғыммен өлер едім. Міне, мен қолдан келгенін жасадым. Бірақ сен осының бәрін неге менің есіме салдың?

Қарт өз қолын кенет жұлқи босатып алып, бетін қолымен жапты да, шынтағымен тізесіне сүйенді. Ол күйінішті естелігіне мүлдем беріліп, бірер минут еңкейіп отырып қалды. Мефодий оған айтып жеткізсіз жанашырлықпен және есіркеушілікпен қарады. Содан соң оны құшақтап, оның кәрі ақ басын өз кеудесіне қысты. Дәуіт қарт баяғыдан ешкімнен аяушылық күтпеген, біреуге қымбатты болу қуанышын баяғыдан білмеген.

Ол жас кезінде өзара сүйіспеншіліктің не екенін білетін, бірақ кейінен бақыт құсы басынан біржолата ұшып кеткен кезде, ол құштарлықпен, бірақ қолын бос кеңістікке әурешілікпен жайып, адамдарға деген сенім мүлде жойылғанша, өз жүре-

гіндегі кез келген сезімді басып тастаған еді. Оған өзінің жүрегі тас болып қалған сияқты көрінді. Бірақ жүрегі шын мәнінде тас емес, тек мұз болып, қалған екен, сөйтіп, сол мұз оны сүйіспеншілік шуағы қыздыра бастағанда, дереу сол сәтте ери бастады. Қарт дауыл астында қалған кәрі ағаш құсап, Мефодийдің құшағында қалтақтай бастады. Оның кеудесінен ыстық өксік шығып кетті, сөйтіп, ұзақ жылдан соң алғаш рет оның әжімді жүзін бойлай көз жасы сырғи ағып жатты. Мефодий қартқа кедергі келтірген жоқ. Ол өзінің жас басын Дәуіттің аппақ шашты басына түйістірді. Оның да көзі ылғалды еді. Ал жылап отырған қарт енді жүзін жаппағандықтан ол оның көз жасын сүртті.

— Жайыма қалдыр! — деді Дәуіт көз жасына малына. — Неге сен қарт еврей үшін мазасызданасың? Бәрі мені жек көреді ғой! Жалғыз сен ғана маған қасіреттенесің! Не үшін!

— Өйткені мен сізді жақсы көремін, қымбатты көршім.

— Мені неліктен жақсы көресің? — деп тағы көз жасына берілді қарт. — Мені баяғыдан-ақ ешкім жақсы көрмейді, бір кезде мені тек анам ғана жақсы көретін. Кейінірек мен «сүйіктім» сүйеді, — деп ойлап едім, бірақ бұл да алдамшы болып шықты.

— Алдағаны қалай?

— Жібер мені, мұны сұрама? — деді қарт тыныштанып.

Мефодий оны босатты.

— Маған сеніңіз, көрші, егер сіз өзіңізді ұзақ жылдар бойы қапаландырып келгеннің бәрін біреуге айтсаңыз, бұл сізге жеңіл тиер еді. Маған сеніңіз: мен сізді жақсы көремін, әрі сізге жана-шырлық білдіре аламын.

— Бәлкім! — деп көтеріліп алды қарт, оның жанары күңгірттенген көздерінде ұшқын тұтанды. — Мен саған алғыс айтамын, сен тағы да менің қайғымды жеңілдетіп жібердің. Сен қайырымдысың, бірақ дүние сұрқиялыққа толы, сөйтіп, мүмкін, мен сені бақытсыздықтан сақтандырамын. Сонда сен маған қарағанда неғұрлым абайлап жүрерсің.

Сөйтіп, қарт еврей әңгімесін бастады:

— Егер сен маған, менің мұңды түріме, менің әжімді және жартылай зарлы болған жүзіме қарасаң, онда сен менің бір кезде жас, сұлу әрі ормандағы жас тал немесе қазіргі өзің сияқты күшті болғанымға сенуің екі талай шығар.

Ол өзінің денесін ағашқа сүйеп, жас жігіттің күшті қолдарын өзінің әлсіз қолымен ұстады.

— Менің ата-анам маған мұралыққа жақсы сауда ісін қалдырды, сөйтіп, мен бай болмасам да, әкелерімнің Құдайы маған жарылқаушылық жасады, — деп санадым, өйткені менің қазынам бар еді. Бұл қазына Ливан гүлі сияқты менің сұлу әйелім болатын. Сонымен бірге, нәрестем де болды, иә, ол қандай еді! Перғауынның қызы таңқалған Мұсаның өзі одан сұлу емес еді.

Сонымен, мен сол кездегі өз бақытым мен рақатымды еске түсірсем, мен — жұмақтағы Адам-ата да менен бақытты болған жоқ, — деп ойлаймын. Иә, соның бәрі өтті де, кетті!... Мұны саған қалай түсіндіруге болады? Мен үйде жиі болмайтынмын: мен бақытсыз кәсібіме байланысты істермен жолға шығып кететінмін, сөйтіп, мен — басқалардың да көзі бар ғой, — деп ойламадым. Бірде мен алыс жерден үйге оралдым. Үлкен қуанышпен және үмітпен үйге кірдім, сөйтсем... үйде ешкім жоқ... бос.

Қарт басын қысып ұстай алды.

— Ұры келіп, менің көзімнің қуанышын, жүрегімнің қазынасын ұрлап кетті. Егер ол ғой (христианин) болса екен. Бірақ ол өзімнің ұрым, біздердің ішіміздегі ұры болып шықты.

Мен қатты қорықтым. Сотқа жүгірдім, бәрі бекер болды: маған әйеліме ажырасуға келісім беруге тура келді. Бұл аз болғандай сот, баланы да оған беруге үкім шығарды. «Ұры» менен атақты еді. Ол округтің чиновнигі еді, сөйтіп, мені барлық жерден тойтарып отырды. Мен ешбір жерден, тіпті Тәңірі Құдайдан да қорғаныш таппадым, ал олардың ісі өздері қашан кеткенше, майдай жүріп отырды. Содан соң олар — Венгрияны тастап кетті, сөйтіп, мен бұдан былай өз нәрестемнің қайда екенін және оған не болғанын да біле алмадым.

Иә, Мефодий, мен осының бәрін еске түсіргенде Әйүп сияқты: «Мен оған бара алатын және

менің қайғымды алып кететін менің Құдайым қайда?» — деп айтуға дайынмын. Ол — бәрін білгіш, менің қызым Эсьфир мен байғұс әйеліме не болғанын Жалғыз Сол біледі! Әйелім мені тастап, маған сатқындық жасады, бірақ мен, ол менің алдымда қылмыскер және айыпты, — деген ойға ешуақытта жол берген жоқпын. Біз үйленген кезде ол сондай жас еді, ал «ол» болса, сондай сұлу әрі маңғазданған барин еді. Сөйтіп, ол оны еліктіріп әкетті. Егер ол маған оралғысы келсе, мен бәрін кешіріп, қуана қайта қабылдар едім, иә, қуанар едім! Бірақ мені оған жіберген жоқ, бәлкім, оған мені, қатыгез әрі ызалы, — деп айтқан шығар. Ол да менен қорыққан болу керек... сөйтіп, бәрі де жоғалды.

Мен сол қаладан қашып кетіп, өз қайғыммен осы елге жасырынып келдім, әрі осы қыста өлім мені — өз сағынышымнан азат етеді де, мен қасіретімді молаға алып кететін шығармын, — деп ойладым. Міне, бар болғаны осы. Сен маған бәрін айтуға мәжбүр еттің, сөйтіп, менің санамда бәрі: жоғалту, сағыныш және жүрек ауруы — бәрі жаңарды! Мұның саған не керегі бар? Қажеті қанша?

— Өте керегі бар, қымбатты, көршім! Мен енді сіз үшін сиыну керек екенін білемін, ал сіз, шыдай тұрыңыз, уақыты келеді, сіз өз сеніміңіз үшін өкінбейтін боласыз, оның үстіне, ашығын айтуға шақырғанымға алғыс та айтасыз.

Мефодий орнынан тұрды, оның соңынан қарт

еврей де ілесіп, олар Дәуіттің кішкентай лашығына бірге кірді.

Қарт жарықты жаққанда Мефодий бос құмыраларды көрді де, оларды алып, салқын су әкеліп қойды. Содан соң жұпына лашықты тәртіпке келтірді, ол Дәуіт ауырып жатқанда да осылай еткен болатын. Содан соң стол жанындағы отырғышқа отырып, ескі, қалың Киелі кітапты ашып оқи бастады. Қарт еврей өзінің ақ басына бас киімін киіп, Мефодий де үй қожасының көңіліне келмес үшін бас киімін киді. Егер Құдай Сөзін оқу кезінде адам жалаңбас тұрса, еврейлерде бұл қорлау болып саналады.

Бүгін болашақта келетін Құтқарушы туралы Ишая пайғамбардың кітабының 53-тарауы оқылып, Мефодий мұның Иса Мәсікке қатысты екенін толығымен түсіндірді, қарт еврей қарсы болған жоқ. Олар бейбіт ажырасты.

4 – ТАРАУ

Кейде апта соңынан апта, ай соңынан ай зымырамай, ұшып өтіп жатады. Ондрачиктің үйінде де осылай болды. Оларда жұмыс көп болғанымен, осы жылғыдай мұны тез жолға қойып, оңай орындаған емес.

«Мұның себебі, біз жұмысты енді үнемі сиынып, Құдай Сөзінен бастап соны орындайтынды-

ғымыздан болса керек», — деп ойлады кемпір, Ондрачиктің әйелі.

Оның сауыққаны сондай, өзі де тамақ пісіре алатын, сөйтіп, Дорканы егіс жұмыстарынан үйде қалдырудың қажеті жоқ болды. Кемпірге тек ертеңгісін Мефодий мен Андрейдің су, немесе отын әкеліп беруі қажет болды. Бір сөзбен айтқанда, Ондрачиктің әйелі өмірінде іске дәл қазіргідей ешуақытта риза болмаған шығар.

Бұрын күйеуі жиі-жиі ашушаңдық әрі қаталдық көрсететін, өзінің де мінезі жұмсақ емес, сондықтан кейде күйеуі мас болмаса да, қызулау келіп шу шығарғанда, бұл да онымен күшті жанжалдасып қалатын, содан соң олар апта бойы бір-бірімен сөйлеспей жүретін.

Қыздары күйеуге шығып, үйге күйеулерін ертіп әкелді де, күйеу балалары кемпірге бағынғысы келмеді. Сондықтан шаруашылық та жүрмеді. Кемпір мұның себебін енді түсінді: бұлардың үйіне Құдайдың шапағаты түспеген еді. Олар причастиеде сиынғаннан басқа жыл бойы сиынбайтын. Ертеңгісін, ұйқыдан тұрып жатып, әрқайсысы өзінше күңкілдеп, ештеңені ойламайтын: сөйтіп, белгілі бір жаттап алған сөздерге мән бермей және оны түсінуді қаламай-ақ айта салатын. Мұның несі сиыну? Құдайдың сыйына алғыс айту қайда? Құдай мұндай адамдардың жүрегіне шапағат беріп, олардың өмірін Өз берекесімен нұрландырды, — деп ойлауға болатын ба еді? Барлығының жандары тас болып жабылған. Он-

дай жандарға Құдай рақымының нұрына ешбір орын табылмады.

Кемпір Құдайға жүгіну керек екендігін түсінетін, сөйтіп, ол шындығында да Оған шын жүректен жүгінді. Егер бүкіл дүниенің бір жерінде біреу құтқарылуды қажет етсе, ол өзі екенін кемпір сезінді. Сондықтан да ол өз жүрегін Мәсікке, Құдай Ұлына ашып берді, сөйтіп, Ол оған орналасты.

Бірде ол осындай көңіл-күймен өз күйеуімен отырғанда кемпірі оның алдында өзінің лайықты әйел бола алмағанын айтып тәубеге келді, сөйтіп, кешірім сұрады. Егер Тәңір олардың өмірін ұзартатын болса, өзінің Құдайға және өз үйіне ыждағатпен қызмет ететініне уәдесін берді.

Ондрачик әйелінің бұлай кешірім сұрағанына қысылып қалды. Оның көзіне жас келді.

— Біз екеуміз де бір-бірімізден кешірім сұрауымыз керек, — деді ол. — Сен, менің саған күйеу болғанымға қарағанда, қалай болғанда да маған жақсы әйел болдың. Сондықтан енді бұлай тұруға болмайды, — деп Мефодий шындығын айтты. Ендеше не істеу керек? Ескі істерімізге: «Тоқта!» — деп айтып, жаңаша бастауға тиістіміз. Өйткені біз шынында да Құдай еркіне қарамас-тан өмір сүріп келдік қой.

Мен мұны ешкімге айтқан жоқпын, ал саған айтамын: мен өзіміздің қызметкердің қалай өмір сүріп жатқанына қарасам, мен өзімнің жас шағымнан бері, осы кезге дейін қалай өмір сүргенімді

айтуға ұяламын! Біздің үйімізде оған дейін де Құдай Сөзінің кітабы болды, бірақ біз оны ешқашан да оқыған жоқпыз. Иә, біз оны енді ғана түсіндік. Біз ақылсыз малдан да нашар өмір сүрдік. Мал ақылсыз: ол тек ішіп-жеп, ұйықтап, жұмыс істеуді ғана біледі. Одан келетін жанға да ізгілік аз, бірақ ол адамдардың өміріне қаскүнемдік әкелмейді. Ал біз болсақ, ішіп-жеп, ұйықтап әрі жұмыс істеп қана қоймай, оның үстіне жанымызды әбден былғап, маскүнемдікке салынамыз, Құдайды қорлап, адамдарға тіл тигіземіз. Сөйтіп, өзіміз қалай өмір сүрсек, балаларымызды да солай тәрбиелейміз. Олардың бізден кеткені таңқалатын жағдай емес: бізден олар қандай қайырымды істі үйрене алар еді?

Сөйтіп, күйеуі мен әйелі өмірлерінде алғаш рет бейбіт, жанымен ұғынысып, Құдай туралы әңгімелесті. Осы кеште Самко Петрач Доркамен ұзақ әңгімеге кірісіп, бұлардың бағында отырды, Самко бәйбіше ауру кезінде Мефодий жасап берген отырғышта отырды. Дорка оған қарсы ағашқа сүйеніп тұрып, оның қарлығаштар туралы, олардың үйге қайтуы туралы әңгімесін тыңдады. Самко сонан соң өзінің ізгі жолда екенін, әр күнді сиынып бастайтынын және аяқтайтынын әрі өзінің тек бір нәрседен, Құдайдың жарлығын бұзып алудан ғана қорқатынын қосып айтты. Одан әрі ол қызға өзінің Дәуіт қарттан есептеу мен дұрыс жазуды қалай үйренгенін, әкесінің оған сауда ісін ашып беруді ұйғарғанын, тұрмыс үшін жаңа

құрлысты бастамақшы болып отырғанын әңгімеледі.

Дорка үлкен ықыласпен тыңдады, ол бала кезден Самконы аяйтын және кейініректе, оған не болар екен? — деп ойлады. Енді оның ісінің оңға басатынына ол шын жүректен қуанышты болды. Ол бұрын еркін жүре алмайтын, ал қазір, егер асықпаса, едәуір еркін жүретін болды. Басқа жағынан ол тамаша жігіт еді.

Дорка Самконың қарындастарынан Петрач қарттың ұлына үй салып бермекші болып, отырғанын баяғыда-ақ естіген еді, бірақ жігіттің қуанышын бөлу мақсатымен ол өзіне бәрі белгілі екенін оған білдірген жоқ.

Дорка мен Самконың жанына Ондрачиктің бақташысы Андрей келді. Ол да қарлығаштардың ғажайып оқиғасын Самкодан бұрын естіген еді, қазір Самко мен қыз бұл жөнінде әңгімелескен кезде олар бірлесіп, ақылға сала бастады; олар қарлығаштар құсап, осындай сиыну жиналыстарына бірге біріксе қайтер еді?

— Білесіздер ме? — деді Дорка, — егер әр күні «үйге» баратын жолдың титімдей ғана бір бөлігін сиынумен өткізсек, біз онда тиісті түрде бастап, мұны жүзеге асырар едік. Қарлығаштар бүкіл жолды бөліктерімен ұшып өткенше, көңілді түрде шықылықтап, сиынумен болды ғой.

Кешкі аста Ондрачиктің бүкіл жанұясы бірге жиналды, ал қожайын шал тамақтан соң Киелі кітаптан бірдеңе оқуды сұрады. Дорка Андрейге

қуанышты түрде қарағанда, Андрей де оған қарады, содан соң қыз әкесі мен анасына қарады, сөйтіп, қыздың ойында: «Олар қарлығаштардың соңынан ұшуға жиналған сияқты», — деген ой келді.

Қоршаған дүние өзінің бейбастықтық пен күнәға толы аясында қатты ұйықтауын жалғастыра берді, бірақ Ондрачиктің жанұясы мен олардың көршілері аз-аздап ояну үстінде болды. Құдай Рухы олардың көздерін және Қасиетті жазуды ұғу қабілетін ашты. Олар Құдайды іздеп, өздері мен өз күнәларын тани бастады. Олар Мәсіх туралы жиі және көбірек ойлап, қарлығаштардың үлгісімен «үйге» қарай саяхатқа дайындалды.

Осы кезде округте өрік көп пісті. Олардың ағашта тұрған салмағына шыдамай, бұтақтар майысып қалды. Бұл Петрачты жаңа ойға жетеледі.

— Менің не ойлағанымды білесің бе? — деді бірде түскі астан соң қарт Петрач ұлына. — Мен қауымдық басқармаға барамын да, одан алхоры жасау өндірісіне рұқсат аламын (Алхоры жасау-алхорыдан жасалатын шарап, словактардың жақсы көретін ішімдігі). Бұл үшін басқалардан алхоры сатып аламыз, олар қазір көп, әрі арзан. Мен рұқсат аламын, ал сен шараппен сауда жасай бастайсың. Егер сенің ләпкеңде түрлі нәрселерден басқа, тағы алхор шарабың болса халық саған қуана-қуана барады.

Жігітті бұл сөз қуантқан жоқ, бірақ ол әкесіне ештеңе айтпады. Ол терең ой үстінде үйден шы-

ғып, Мефодийге барды. Мефодий өз участкесінде жер қазып жатыр екен. Оның маңында Подгайскийлер жұмыс істеп жатыр.

— Хош келдің, Самко! Шаруамен жүрсің бе?

— Иә, менің саған бірдеңе айтуым керек.

Достар сәлемдесті де, Самко әкесінің өзіне жа-саған ұсынысын айтты.

Мефодийдің қастары түйіліп кетті. Самко ешуақытта көрмеген ыза ұшқыны оның көздерінде жылтылдай түсті.

— Мұны шайтан ойлап тапты да, сенің әкеңе айтты! Самко сен өз әкеңе, егер ол мынау күректі қолыңа беріп, сонымен анау жүрген Мартын көршіні өлтір, — десе не дер едің?

— Неткен ақымақтық! Әкем мұндай нәрсені ешуақытта айтпайды, — деді қорқып кеткен Самко, — иә, менің өзім де мұны не берсе де, істемес едім.

— Ал, дегенмен, сен мұны істейсің, тек өз ша-рапханаңды аш. Мартын Подгайскийдің қандай жанкешті маскүнем болғанын сен білесің ғой. Енді ол Құдайдың рақымымен жаңа жолға түсіп, Құдайдың қарлығаштарымен бірге жүретін болып шықты. Сен өзің көріп жүрсің, ол біздің немесе сіздің үйден басқа ешбір жерге бармайды: оның өзі де құмарлықпен күресуге әлі әлсіз екенін сезеді. Сөйтіп, егер сендер көрші тұрып, арақпен сауда жасасаңдар, әрі арақ иісі оның мұрнына келсе, ол өзін ұстай алады, — деп сен сенесің бе? Ол ескі әдетіне жоламаймын, — деген қатаң

шешіммен сендерге ұн немесе тұз сатып алу үшін келеді, бірақ ол сендерге союға әкелінген қой сияқты келеді ғой. Сенің әкең оған ішіп жіберуді ұсынады, сен оған құйып бересің, ал ол болса, дәмін көруден бас тартпайды. Мартынның қарсы тұруға сабыры жетпейді, сөйтіп, бірінші күні бір стакан, ал келесі күні екеуін ішеді. Одан әрі көбейе береді. Мартын іше береді, іше береді, іше береді, сонымен, бұрынғыдан да жаман маскүнемге айналып, тағы да, тағы аң сияқты кейіпке түседі. Ондағы Құдай нұры сөнеді, оның денесі ауру және әлсіз болып, бақытсыз жан бір жерде мал құсап өліп қалады. Мұның өзі, қарлығаш сияқты Оған ұшуға жиналғанымен, сәті түспеді, опатқа ұшыраған болып шықты. Оны кім өлтірді? Кінәлі кім еді? Сенсің, Самко, сен боласың! Мұндай жағдай бір ғана Мартынның басына келмейді. Оны мүлде опат қыласың, ал қаншасының өліміне түрткі боласың? Өйткені Подгайский маскүнем болып туған жоқ. Ол ішпеген және арақтың дәмін білмеген уақыт та болған, одан соң бұған үйренді? Шарапханадан. Сол жерде шайтан өзіне көптеген шәкірт тапты!... Біздің Градовода соңғы жылдары, Құдайға шүкір, шайтанның мұндай шарапхана-мектебі болмаған екен, сөйтіп енді сенің шайтанға қызмет етіп, маскүнемдік мектебін ашқың келеді. Біз Дәуіт қартпен бірге сен үшін әбігерленіп, білімдірек болсын деп сені сол үшін үйреттік пе? — айтар сөз жоқ!

Самко бұл сұмдықтан басын қысып, ұстай алды:

— Тыңда, Мефодий, бұлай айтпа! Мұндай іс болмайды. Мен Мартынға да, басқа біреуге де арақ құймаймын. Мейлі, бұдан да қолым семіп қалсын, қазір сен айтып тұрғандай, мұны істегеннен гөрі қолымды кесіп тастағаным жақсы.

Самко үйіне кетіп қалды, ал Мефодий тағы да күрегіне жармасты.

Самконы үйде қолайсыз жағдай күтіп тұр еді. Қарт әкесі табыстың қандай болатынын және ұлының ісінің қалай өрге басатынын есептеп қойған еді. Бұлардың округінде еврейлер неден байып жүр, арақтан емес пе? Кенет қарсылық: ұлының ештеңе есіткісі келмейді. Одан гөрі жартасты қозғаған жақсы шығар. Әкесі түтігіп кетті, Самконың жүзі қуқылдана түсті, бірақ, ол, дегенмен де, шарапхана туралы есіткісі де келмеді.

Әкесі оған көптеген ашу сөздер айтты, ал ол дым көрмегендей тұра берді. Әкесі оны: қайыршы болғың келеді, — деп сөкті. Үйткені ол оны көп жылдар бойы асырауда, енді асырағысы келмейді деп қорықты.

— Егер мені тыңдағын келмесе, дорбаңды мойыныңа асып, дүниені кезіп кете бер, — деді әкесі.

Әкесінің сөздері Самконың жан-дүниесін сілкіндірді. Осы кезде шудың үстіне анасы кірді. Ол екеуін келісімге келуге үгіттей бастады. Мүмкін, оның күйеуін тыныштандырудың сәті түссе де, баласын ешбір көндіре алмай қойды: ол тас сияқты мелшиіп отырып қалды. Сол кезде анасы да оған ашуланды.

Анасының соңынан екі қыз, ал олармен бірге үлкен қыздың атастырылған күйеуі мен оның жолдасы келді. Олардың екеуі де, басқа ауылдан болатын, сондықтан Петрачтарға сәлем беріп шығуға кірді. Олар қарттың ниетін қостап, ал «Самконың ақымақтығына» күлумен болды.

— Егер Самко мұны қаламаса, — деді болашақ күйеу бала, — әкетай, оның орнына мені алыңыз! Бұл істі мен жолға қоямын: ол бізге таусылмайтын алтын сияқты пайда береді. Тек шарапханадан бірге ет дүкенін де ашыңыз, мұндай біздің ауылда жоқ, содан соң бізге ақшаның қалай ағылғанын көресіз. Мен де бұл іске бірер жүз гульден қосармын. Сіз мұны өзіңіз Хауаға уәдемен беретін жасаудан ұстап қалыңыз. Сол кезде біз бірге тұрамыз, ал Самко бұрынғысынша өзінің жеміс бағында қалады.

Бұл әңгіме басында әзіл сияқты еді, болашақ күйеудің тек атасының назарын аударғысы келгендігі, бірақ кейіннен, мұның жиі болатынындай, шал шынымен-ақ желікті. Қалыңдыққа да, өзінің енесінің қолына бармай, үйінде қалатыны ұнап кетті, ал ана болса, иә, қандай ана өз қызын, тіпті күйеуі болса да, қолында ұстап қалудан бақытты болмас еді.

Сондықтан да анасының көздері қызым үйден кетпейді, — деген бір ғана ойдан ұшқындай түсті. Әкесі де болашақ күйеу баланың ұсынысына риза болды. Мүлік те тұтас қалады: оны бөлшектеп, бір бөлігін қызына берудің керегі жоқ. Сөйтіп, Сам-

кодан басқа, бәрі келісімге келгендей, іс осы жерде шешілді.

Болашақ күйеу бала тек кетер алдында көз қылып, Самкодан:

— Жарайды, не болды? Сен әкеңді тыңдайсың ба? Немесе мен істі бастай беремін бе? — деп сұрады.

— Мен мұны айтып болдым, бұл іске келісім бергеннен гөрі қайыршы болып қалғаным жақсы, — деп үн қатты Самко, жаны күйзелген пішінмен. — Менің екі аяғымның кем екені рас, бірақ мен осындай шайтанның кәсібімен тамақ асырағанша, одан гөрі қайыр сұрауға келісер едім; сондықтан сен де бұл істі бастамассың, деп ойлаймын: Бәрінен Құдіретті Құдай бұған жол бермес. Тәңірім сендердің ниеттеріңді бұзып, мұны орындатпас, — деп ойлаймын.

— Жарайды, оны біз көреміз, аса ізгі пайғамбар! — деп күлді шарапшының болашақ иесі. Осыны айтты да, жолдасымен бірге ауылындағы үйіне кетіп қалды.

Келесі күні Петрач қарт Мефодийге жол тартты. Петрачтың Самкоға ашуы тоқтады. Ол ұлына әділетсіз жәбір бергенін түсінді, бірақ ол Самко кімнің рақымымен қарсылық жасады, соның төлемін бергісі келді. Қарт Ондрачиктің қызметкерінің ішуді жек көретінін білетін. Мефодий тек Подгайскийді ғана емес, Ондрачиктің өзін, оның басқа қызметкері Андрей мен Самконың ішпеуге көзін жеткізді. Ол тіпті Петрачтың өзін —

бұл зиян, әрі ұят және күнә іс, — деп ішуден бас тартқызбаққа әрекеттенді.

Петрач бүкіл түн бойы ұйықтай алмай шықты. Ол Самконы, егер ол мұның еркін орындамаса, үйден қуып шығамын, — деген өз сөзін қайтып алғысы келмеді. Бірақ, екінші жағынан, туған ұлын қууға — өзінің менмендік (адамдар бұған не айтады!) және әке жүрегі қарсы болды.

Кеше ол ашу үстінде өзінде аталық жүрек ба-рын сезінуден қалды, бірақ бүгін ол жүрек оны еске салып келеді. Егер Ондрачиктің осы қызметкері болмағанда, бәрі оңға басар еді, — деп ойлады ол өкінішпен. Жарайды, қазір ол оның сыбағасын берер!

Жол бойында Петрачтың ызасы барған сайын қоза түсті, сөйтіп, ол Мефодийдің учаскесіне келгенде осы оқиғаның бәріне кінәлі жігіттің қуанышты түрде жұмыс істеп жатқанын көріп, ол өзін ұстай алмады.

— Сен менің ұлымның ойына не салып жүрсің? — деді ол амандасар-амандаспастан. — Қайдан келгені беймәлім, қайдағы бір қаңғыбас біздің үйге іріткі салады! Мен шарапхана ашамын ба, онда сенің қандай шаруаң бар? Сонымен, сен менің ұлымды айтқанымға көнбеуге неге айдап салып жүрсің?

Шаң-шұнды есіткен қарт еврей жақын келіп, жас Мәсіх жолымен жүрген жігітке зер сала қарай бастады. Оған әділетсіздік жасаған кезде Мефодийдің қалай өзін ұстайтынын Дәуіттің көптен

бері көргісі келетін. Енді міне, мұндай мүмкіндік туды.

Мефодийдің бұл адамға қаншалық жақсылық жасағанын еврей білетін: ол оның ұлын оқу мен жазуға үйретті. Ол Самконы есеп-қисап пен сауда кітаптарын жүргізуге үйрету үшін Дәуіт қартты да оқытуға тартты. Мефодий онымен ізгі көрші ретінде әрекет жасады, ал қарт болса, енді онымен барлық жағынан есеп айырысып тұр. Жеккөрініштілік пен күншілдік сөздер оның аузынан бірінің соңынан бірі абайсызда шығып жатыр.

Тас сияқты мелшиіп қалған еврей Мефодийдің жүзіне қарады, ал ол болса, балағат сөздер өзіне мүлде қатысы жоқтай былқ етер емес. Қарт еврейді ашу биледі. Ол Мефодийдің жүгенсіз шалға ұмтылып, оған ұрысқанын қалады, бірақ ештеңе де болған жоқ. Петрач Мефодийдің жүзіне тіке қарады. Олардың көздері тоқайласып қалды да, Петрач үнсіз қалды.

— Солай. Сен шайтанның аузыңа салғанның бәрін айтып болдың ба? — деп жайбарақат, көңілді дерлік сөйледі жігіт. — Бұл ішімдік ісі бойынша, ол, яғни шайтан маған қарыз болатын: мен оған үлкен өкініш келтірдім, сөйтіп, оның мені ұзақ уақыт бойы тыныш қалдырғанына таңқалдым. Мен тіпті, Мәсікке нашар қызмет етіп жүрген жоқпын ба? — деп қорқып қалдым. Мен енді тынышпын. Сондықтан сен туралы сөйлесейік. Шайтанның өзінің аузыңа салғанның бәрін маған айтып тұрсың. Бұл жөніндегі әңгімені кейінге қал-

дырайық. Сен енді өз атыңнан айтшы, Петрач көрші, мен саған қандай жәбір келтірдім немесе ұлыңа қандай жамандық жасадым?

Еврей мұндай жауапқа масаттанып қалды, ол алақандарын қуанышты түрде ысқылап, жан түкпіріндегі Мефодийге батасын берді. Подгайский болса, баяғыдан-ақ жүрегін тастап, жандарында мелшиіп қалған. Ол таңқалғанынан Петрач қарт жөнінде өзінің не ойларын да білмеді.

— Жарайды, сонымен, маған қарсы не айтпақшысың? — деп тағы да жайбарақат қайталады Мефодий.

Жігіттің жайбарақат және ашусыз сұрағы шалды тұйыққа тіреді. Алайда ол тағы да күшін жинап, балағат сөздерін бастамақшы болды. Сол кезде ол өзінің ызалы түсіндіруінің әлсіз екенін есіне алғанда, оның көмейіне сөздері тығылып қалды.

— Самко қаламайды, — деп қорытты ол сөзін Дәуіт қартқа бұрылып. — Егер Подгайский бізге келе бастаса, ол баяғы әуеніне басады, — деп қорқады Самко. Құдды бір ішімдік дүкенін ашса болғаны адамдар бірден маскүнем болып, ұстамдылықпен іше алмайтын сияқты. Ең бастысы, Подгайский бізге келмейтін болады. Иә, ол табанын аттап баса алмайды, мен оны жібермеймін.

Петрач соңғы сөздерін айқын жеккөрініштілікпен айтты, мұның өзі байғұс Подгайскийдің жанына тиіп кетті.

— Қам жеме, Петрач, — деді Мартын оған қа-

рай бір қадам алға басып, — мен онсыз да сенің үйіңе кірмеймін. Сен адамдарды елiктiрiп, олардың қанын сору үшiн шайтанның апанын құруды ойлап отырсың ғой. Егер сен өзің шақырсаң да, сонда да мен сенің босағаңды аттап баспаймын. Бірақ мынаны байқап қой, сенің ұлың мені және мен сияқтыларды аяп, біздің біржола опат болуымызды қаламағаны үшін оны ешқашан да ұмытпаймын. Ол қайда жүрсін, қайда бармасын мен барлық жерде оған өз батамды беремін!

Подгайскийдің дауысы үзіліп кетті де, ол еңіреп жіберді. Ол өзін осылай сайқымазақ қылғанына қатты ызаланып, жылап еді: оны кез келген адам қуып, оның алдынан есігін жабады. Петрач жылап отырған адамға қарап, судан шыққандай сүмірейіп тұрды.

— Несі бар, көрші? — деді Подгайскийдің шешесі. — Сіздіңше, осындай ғажайып ұлыңыздың барлығы сізге үлкен қасірет пе? Сөйтіп, сізге Мефодий ұлыңызды жағымсыз істің адамдарды ақыр соңында опат қылу мүмкіндігіне әкелетінін үйреткені әділетсіздік болғаны ғой. Менің бір ғана ұлым бар, ол ішімдік үйлерімен танысқанға дейін менің қуанышым болды. Сіздің өзіңіз оның маған қандай ауыртпалық болғанын көрдіңіз; сіздің өзіңіз, егер сіз болмасаңыз, әйеліңіз талай рет мені одан қорғап, жасырып қалды. Енді қазір, рақымы күшті Тәңірім менің Мартынымды ескеріп, оны құтқаратын ізгі адам жібергенде, сіз сол адамды балағаттап, аузыңызға келгеніңізді айтып

тұрсыз! Менің ұлыма қарап, оның қасіретін тыңдаңыз, егер сіздің кеудеңізде жүрек орнында тас болса, онда шарапханаңызды аша беріңіз.

Содан соң кемпір ұлына келіп, былай деді:

— Менің қымбаттым, жылама. Тәңірім саған көмектеседі! Сен әлі қарт емессің, сенде әлі бәрі жоғалған жоқ, тек Құдайды ызаландырып алмасаң болғаны. Жылама, тұр, жұмысқа кірісейік!

Мартын көніп, орнынан тұрды да, күректі қолына алды. Мефодий да іске кірісіп, топырақты кесек-кесегімен көптеп лақтыра бастады.

Петрачтың не істеуі керек еді? Ол өзінің кіріспекші болған ісінің ұят екенін және бұл адамдардың оны жазғыруы дұрыс екенін сезді, бірақ оның шегінгісі келмеді. Ол қауымдық басқармаға барып, арақ жасау ісіне рұқсат сұрауға кетті. Оған рұқсат берілмеді.

«Бұл ештеңе емес, — деп ойлады ол, — мен біреу-біреуге серіктестікке кіремін де, арақты бірге қайнатамыз».

Серік көп кешікпей табылып, олар арақ жасау ісін ашты. Тәңірі адамдарға ас болуға жаратқан қаншалық алхоры қазанда уға айналып кетті, сөйтіп, адамдар сол умен өзінің және өз жақындарының ақылын алжастыратын болды.

Сұмдық іс! Үйдегінің бәрін құртатын тышқандарға сәл у алу үшін полиция мен дәрігердің рұқсаты керек, ал адамдарды сол умен суару үшін, арақты өндіруге және сатуға рұқсат беретін куәлік алса болды.

5 – ТАРАУ

Қыс келді. Масленица (славян халықтарында қысты шығарып салу мерекесі) басталды. Петр-рачтың үйінде үйлену тойына үлкен дайындық жүріп жатты. Анасының жұмысы көп болды, әкесі шаруа қамынан басын көтере алмай қалды, ал Хауаның жүрегі әбден зарығулы еді. Самко туралы мүлдем ұмытты. Ол мүлде жоқтай, оны-мен сонау күзден бері ешкім сөйлеспеді. Тіпті оған оның сәлеміне де жауап бермейтін болды. Тек жалғыз қарындасы ғана онымен туыстарша сөйлесетін. Қыздың үлкен қайғысы бар еді. Мұның сүйетін жігіті оған үйленгісі келгенде, ата-анасы бұл таңдауды қаламай, өз келісімдерін бермеді, ал жігіт болса, басқа қызға үйленуді ұйғарды. Бойжеткен қыз өзін жападан-жалғыз сезінгендіктен, ол жиі-жиі жалғызсыраған және жетімсіреген бауырына баратын еді. Ол оның бөлмесіне кіріп, әдетте сол жерде барлық уақытын өткізетін болды.

Жігіт Ондрачиктен ас үй қасықтарын жонуды үйренді, сөйтіп, оларды ыждағаттықпен жонатын да, бүкіл табысты анасына балауыз шам мен тұз сатып алуға беретін. Бос уақытында ол Дэуит қартқа барып жүрді.

— Сен тек үйрен, — дейтін оған қарт еврей, — ерте ме, кеш пе, сен сауда ісімен айналысасың. Сонда осының бәрі саған керек болады.

Кешкілікте Самко әдетте Ондрачиктерде бо-

лып, ол осы дүниеде жападан-жалғыз қалғанын мүлдем ұмытатын. Ол осы бір жат үйде өзін жұмақтағыдай сезінді. Мұнда ол Құдай шындығын білді. «Жан дүнием Тәңірді ардақтап, рухым менің Құтқарушым Құдайға қуанады» (Лұқа 1:46-47), — деп өз аузымен шырқағандағы Мариам қыздың жүрегінде қандай үлкен қуаныш болғанын енді түсінді. Ондрачиктің үйін мекендеушілердің жүрегінде шын мәнінде Мәсіх туды, сөйтіп, мұнда алғашқы рет Мәсіхтің Туылу мерекесі тиісті дәрежеде мерекеленді.

Осы қыста Подгайскийдің әйелі қайтып келді. Ол оған хат жазып, келуін сұрады, сонымен, әйел шынымен келді. Қуанғанынан ол әйелін қалай қарсы аларын, қалай көңілін көтеруін білмеді. Әйел де бақытты еді, тіпті бақыттылығынан жылап та алды. Әйелі өзі үшін, — маскүнемнің әйелі үшін, жер бетінде әлі де болса бақыт бар екендігіне қиындықпен сенді.

Енді бәрі басқаша еді. Енесі де риза, балаларының да дендері сау әрі еркелеп жүрді, үйдің ішінің бәрі жасандырылған, бүкіл үй қысқа шаруақорлықпен дайындалған. Мартын мен шешесі нанын оп-оңай тауып жүр.

Әйел өзі жинаған ақшасынан аздап әкеліп, дереу барлық қарыздарды төлей бастады. Енесіне, балалары мен күйеуіне киім сатып алды, ас үйге ыдыстар әкеліп қойды. Бұл үй енді қандай жайлы көрінеді десеңші! Ал бұл үйдің көз жасының, қайғы мен қайыршылықтың ұясы болғаны жақын-

да ғана емес пе еді? Кенет, бір ғана жыл, тіпті одан да аз уақыт ішінде осындай өзгеріс болды! Сондай ғажап! Мұның себебі неде? Салауаттылықта! Адам есін жинады. Өзіне келді. Шайтанның мас аранынан Тәңірдің күшті де, әділ қолына келді, сөйтіп, осы кезде оған әйелі мен жанұя бақыты қайта оралды.

Мартын кешкіліктерде өз жанұясының ішінде отырып: «Қандай қуаныш, қандай нұрлы бақыт, мен өзімді ғана емес, бүкіл жанұямды шарапхана былғанышына айырбастадым. Құдайға шүкір, Ол мені опат болудан құтқарып қалды! — деп ойлады.

Өзінің бұрынғы мас қауымын Мартын енді ұмытты. Ол өз маңына мүлде басқа қоғам жинады. Туыстар, таныстар, көршілер келетін болды, ал мерекелерде кішкентай үй толығымен толатын болды. Мефодий әдетте мұндай жиындарда бірдеңені оқитын; ал содан соң оның оқығаны туралы әңгімелесетін болды. Көп кешікпей Мефодийді басқа үйлер де шақыра бастады.

— Мефодий, меніңше қарлығаштар ұшуға жинала бастаған сияқты, — деді бірде Самко. — Сен сол кезде орманда, біздің бүкіл ауылымыз Құдай табынына жиналуға тиісті, ал біз оған бастама болуымыз керек, — деп айтып едің ғой. Енді іс соған ойысқан сияқты.

— Қиын, Самко. «Өмірге бастайтын қақпа қысыңқы және жол тар, сондықтан оны табатын адамдар шамалы», — деп бекер айтылмаған ғой.

Бірақ ештеңе етпес. Ұнжырғамыз түспесін. Адамдарға жол көрсетеміз, ал егер Исаның соңынан ілесетін жолмен ешкім жүрмесе, біздің өзіміз Оның соңынан жүруге тиістіміз. Ол әрқайсымызға: «Менің соңымнан ер», — деп айтқан ғой. Сен, сен өзің ер. Мәсіхтің бұл сөзі ең алдымен саған, содан соң барып, өзгелерге қатысты.

Апта бойы Ондрачиктер Мефодийдің үйіне ағаш тасыды: көктемге қарай үй салуды бастамақшы болды. Мефодий бәрін күні бұрын дайындады. Төбе тегістеліп бітті. Кірпіштер де жеткілікті жасалды. Іргетасқа арналған тақталар да едәуір еді. Үй төбесіне арналған жабындылар да күні бұрын әкелініп, Ондрачиктің үйінің жанына жиналып қойылды. Орманнан қазыққа арналған жас ағаштар әкелінді: Мефодий өз иелігіне қоршау жүргізгісі келді.

Бірде ертемен Ондрачиктер қайғылы хабар алды. Америкада күйеуімен бірге тұратын қызы Анна күйеуінің қатты ауру екенін және біржола көз жанарынан айырылмай тұрғанда дәрігердің оған дереу үйлеріне қайтуға кеңес бергенін хабарлады. Сондықтан олар күйеу бала ауруханадан шығысымен-ақ дереу жолға жиналғанын жазды.

Мұндай үрейлі хабар бұрын болса: оларға қалай қайғылы әсер етер еді! Бірақ қазір олар сиынуды үйренгенде тек:

— Иә, Құдайдың еркі болсын! Егер Тәңірім осылай жасаса, сынға шыдаймыз, — деді.

Сөйтіп, нақ Петрачтың үйінде той болып, со-

ған Ондрачиктер шақырылған аптада үйге ауру күйеу бала мен жолда ауырып қалған қызы келді. Дорканның тойды ойлауға мұршасы келмеді: үйдегі жұмыстар бастан асып жатыр ғой! Оларда Мефодий болмаса, өздеріне не боларын білмеді. Ең бастысы, олардың көмек сұрайтын да ешкімі жоқ еді.

Келген қыз Анна таңқалып қалды: қарттарға осыншама қамқор көмектесіп жүрген кім? Сол кезде Дорка мен анасы, содан соң қарт та, оларға қызметкерді Тәңірдің қалай жібергенін айтты. Жүсіп те, Аннаның күйеуі, сирек кездесетін қызметкерге таңқалды. Сонымен бірге ол:

— Оның дауысы маған таныс, бір жерде естіген сияқтымын, — деді.

— Қайдан білейік! Мүмкін, сіз онымен бірнеше рет кездескен шығарсыз. Ол өзі жөнінде бізге ешқашан айтқан емес. Бірақ оның жалпы айтқанынан жарық дүниені көп аралағаны көрінеді.

Жексенбі күні де келді, бұл Петрачтарда той болатын күн еді. Дәуіт қарт өзінің үйшігінде жылы пештің жанында отырып, өмір туралы ойға батты. Терезе мен есік жабық еді, бірақ музыка мен қатты дауыстар мұнда айқын естіліп тұрды.

Кенет есік ашылып, Мефодий кірді.

— Қош келдің! — деп қуанды қарт. — Жағдай білмекке келдің бе? Сендердің үйлеріңде не жаңалық бар?

— Құдайға шүкір! Қазір жақсы. Дәрігер бізге Жүсіп көктемге қарай мүлде сауығып кетеді, —

деді. Ал оның әйелі Анна әлі әлсіз болғанымен, енді тұрып кетті.

— Тыңда, Мефодий, мен дәл сенің келер алдыңда, саған енді не болады? — деп ойланып отыр едім. Егер Ондрачикке балалары келіп, олар көп кешікпей сауығып кетсе, онда оларға бақташыдан басқа қызметкер керек емес қой.

— Әрине. Олар бір қызметкерді босатуы керек. Мен оларда тек көктемге дейін қаламын. Қазірдің өзінде де мен оларға аса керек емеспін. Мен дәл осы қазіргі сәтте-ақ кете алар едім, бірақ мен құрылысты бастап қойдым, оның үстіне әлі де кейбір жұмыстарым бар.

— Қалайша кетесің! — деп үн қатты қарт. — Неге кетесің? Ал біз сенсіз қалай тұрамыз? Басқаларға, мүмкін, ештеңе емес шығар. Бірақ Дәуіт қарт сенсіз не істей алады?

— Шынымен-ақ, мен сізге қадірлімін бе? Сіз мені жақсы көресіз бе? Мефодий қартты өткенде, Дәуіт өз қайғысын айтқан кездегідей құшақтап алды.

— Иә, сұрама! Сен менің кәрі қанымды қыздыртқанда, менің жүрегім сені қалай жақсы көрмей алады?

Бөлмеде тыныштық орнады.

— Есіңізде ме, қымбатты Дәуіт, мінің сізге көктемде уәде бергенім?

— Сенің маған бір нәрсені айтқалы келгеніңді ме? Ол менің есімде. Сондықтан мұны сенің қашан жасайтыныңды көптен бері күтіп жүрмін.

— Жарайды, мен сізді неліктен жақсы көретінімді өзіңізге айтқым келеді.

— Мені ме? Мен былай ойлаймын: саған Мәсіх өсиет еткеніндей, сен барлық адамдарды сүйесің.

— Әрине, өйткені Иса Тәңір: «құтқарылу Иудейлерден келеді», — деп, сондай жарлық етті. Бірақ мен сізді жалпылай емес, адам ретінде жақсы көремін. Мен сізді өзгеше жақсы көремін. Маған мұны өзім көп борыштар бір еврей өсиет етті.

— Сен не айтып тұрсың? — деп таңқалды қарт. — Мен ештеңеге түсінбеймін. Маған түсіндірші.

— Білесіз бе, мен жарық дүниеде ұзақ жылдар бойы Құдайсыз және Мәсіхсіз өмір сүрдім. Мен өзімде өлмейтін жан бар екенін және өлген соң өзімнің бүкіл өмірім туралы есеп беруге тура келетінін ойлаған жоқпын. Мен жұрттың бәрі сияқты өмір сүрдім, Бірақ содан соң мен бір евреймен таныстым: ол маған өз өмірінің бүкіл шындығын айтып беріп, Мәсіхті қалай табу керек екенін көрсетті. Ол мені Құдай Ұлын сүйуге үйретті және біз — адамдар да Құдай балалары болуға тиісті екенімізді маған түсіндірді... Қазір ол тірілердің арасында жоқ. Тәңірім оны Өзіне шақырып әкетті.

— Ол, иудей, сені Мәсіхті танып және сүйуге үйретті, дейсің бе? — деп таңқала сұрады Дәуіт қарт.

— Иә, ол иудейлердің ішіндегі иудей еді. Ол еврейлердің ішінде уағыздаушы болып, өзінің халқына Мессияның, Құтқарушының келгенін,

Оның адамдарға күнәдан құтқарылу жолын көрсеткенін, Оның Өз халқының арасында өмір сүргенін, енді бүкіл адамзатқа қайтадан келетінін айту үшін өмір сүрді.

— Бірақ ол еврей емес қой! Ол Мәсіх жолымен жүрген адам?

Ол діні жағынан ғана Мәсіх жолын қуушы, ал қаны жағынан еврей еді. Ол өзінің еврей екенін мақтаныш ететін. Ол тегі жағынан Иса Мәсіх шыққан, Құдай нұрының шындығын бүкіл адамзатқа құйған халыққа жататынын мақтаныш етіп Құдайға алғыс айтатын.

Ол бақытты адам болатын, бірақ оның өзі жүзеге асыра алмай кеткен бір тілегі болды. Оны осы күйіндіретін. Сол кезде мен оның өсиет тілегін қайтсем де орындауға оған уәде бердім. Ол маған сенді, сөйтіп, Құдайдың шапағатымен мен оны алдаған жоқпын.

— Бұл қандай уәде еді! — деп сұрады қарт таңданған пішінмен өзінің жас досына сақтана қарап. Жігіт бүгін әдеттегіден тыс сөйлеп отыр: ол ақылсыз шаруалар арасында өскен және оларға қызмет еткен Ондрачиктің қызметкеріне мүлде ұқсамады.

— Сіз бұл, қандай тапсырма еді? — деп сұрайсыз ғой... Білесіз бе, оның жарық дүниеде өте бір қымбатты адамы болды, бірақ ол сол адамды, бұл таңқаларлық жағдай, оны ешуақытта көрмесе де, өмірінде көргендерінің бәрінен де артық жақсы көретін. Ол оған құтқарылу хабарын әкелгісі

келетін, бірақ олай ете алмады: ол оны қайдан табатынын білмеді...

— Сөйтіп, сен оны таптың ба?

— Иә, таптым...

Осы сәтте өткір жарық бөлмені жарқыратып жіберді де, олар сұмдық жылап- сықтау мен айқай-ұйқайды естіді. Мефодий мен Дәуіт атып тұрды.

— Онда бірдеңе болып қалды! — деді еврей сыртты саусағымен көрсетіп.

— Иә, онда өрт! Сау-саламат болыңыз, мен жүгірейін, — деді Мефодий.

— Қайда, өртке ме?

— Иә, өртке! Шамасы, онда бәрі мас шығар. Біреу-міреу шамды төңкеріп кеткен, ал олардың ішінде дәрменсіз Самко да бар ғой.

— Барма! — деп Дәуіт ұстай алды, бірақ жігіт өз қолын босатып алды да, жүгіріп кетті.

Тойда шынында да бір сұмдық болып қалды. Күйеудің ішіп алған досының бірі табақтағы от болып жанып тұрған алхоры арағын тікелей той столына әкелуді ойлады. Столдың басында ол тайып кетті де, жалындап жатқан арақты күйеу мен столдың үстіне аударып алды. Көзді ашып-жұмғанша бақытсыз күйеудің бүкіл киімін от шарпыды да, шырақ құсап, дастарханды да жалындатты. Сұмдық әбігершілік басталды. Біреулер есікке жүгірді, екінші біреулер терезе арқылы қарғып жатты. Күйеу жігіт көмек сұрап айқайлады да, аурудан жанкештілікпен столдың үстіне қар-

ғып шықты, столдан төменге, еденге ұмтылып, өртті сөндіру үшін соның бетімен домалады. Қалыңдық күйеуге ұмтылып өз қолымен өртті сөндіргісі келді, ал оның құрбысы қалыңдықты әрең дегенде аулаққа сүйреп әкетті.

Кейбіреулер жанталасып, суды столдың үстіне құйуға кірісті, ал мас қонақтардың бірі арағы бар бөтелкені суға санап, оны оттың үстіне құйып жіберді. Жалын одан әрі үлкен күшпен лаулады.

Дәл осы кезде Мефодий жүгіріп келді. Ол суға батырып алған үлкен шапанды қолына ұстап, үсті жалындап жатқан күйеу жігітке ұмтылып, оны қатты қысып, орап алды, от сол сәтте сөніп қалды. Бірақ бөлме өртеніп жатыр еді. Адамдар айқай-ұйқаймен сыртқа ұмтылуда. Қою түтін мен қолқаны қапқан иістен тыныс бітеліп қалды, сөйтіп, бәрінің үлкен қиындықпен сыртқа шығуының сәті түсті.

Есінен танып қалған қалыңдықты қолға алып көтеріп шықты, күйеу жігітті Мефодий сүйрелеп, аулада тұрған адамдарға тапсырды, ал өзі тағы да жаңып жатқан бөлмеге ұмтылып, терезеге секіріп, оларды жауып тастады, өртеніп жатқан перделерді жұлып алып, аяғымен таптады. Барлық жақтан қаптаған өрт тілдері жалаңдай түсіп, оны құшағына алу қауіпін туғызды. Асығу керек еді. Ол тез жан-жағына қарады. Арағы бар (алхордан жасалған) екі үлкен бөтелкені көріп, оларды қолына алды да, өзінің соңынан есікті тығыз жауып, сыртқа жүгіріп шықты. Оған қарсы қол-

дарына су толы үлкен шелектер ұстаған Петрач қарт пен басқа да дені сауырақ қонақтар жолықты.

— Сіздер сумен қайда барасыздар, — деп айқайлады Мефодий. — Су өртті сөндірмейді. Әзір төгілген арақ жанып жатыр, оны жанып болғанша қалдыру керек. Содан соң сөндіруге болады. Құдайға шүкір, Ол маған мына бөтелкелерді алып шығуға көмектесті. Өйтпесе, егер от шарпыса, бұлар жарылып кетер еді, сол кезде не боларын ойлаудың өзі сұмдық.

Иә, той масқараға ұшырады. Барлық қонақтар дерлік өз киімдерін бүлдірді. Ал күйеу ше! Байғұс күйеу жігіт! Ол күйіп қалғандықтан оған қараудың өзі аянышты еді.

Сөйтіп, оттың сыртқа шықпай, ауа жетпегендіктен сөнгені үлкен бақыт болды. Бірақ оның есесіне бөлмедегілердің бәрі жанып кетті. Үйдің өзі бүтін қалды.

— Егер Ондрачиктің қызметкері бұл жерге келмесе, ештеңе қалмас еді, күйеу де өртеніп кеткен болар еді, — деді бәрі де сенімді түрде.

Бұл ұзақ дайындаған тойды, бәрі, бұдан да ұзақ еске алатын болды.

Өткен аптада кемпір, Петрачтың әйелі, көршілеріне:

— Ондрачиктер соққыға ұшырады, мінекей қасиеттілік, енді олардың үйі толы аурулар. Шама-сы, қасиеттілік аз көмектеседі, нашар әсер етеді! — деді.

Енді оның өз үйі толық бақытсыздыққа ұшырады, кемпір мұның бәрі оларда қасиеттіліктен болды ма, әлде оларға бұл сынақты Құдай жіберді ме, мұны ол түсіндіре алмады. Бұл жерде Құдай жөнінде Сөз болуы мүмкін емес. Олар тойға сиына отырып, Құдайды емес, керісінше арақ ұстаған шайтанды шақырды. Оған сорпа мен көже пісірді, сөйтіп, мұның өзі шайтанның ыстығы болып, бәрін күйдіріп жіберді.

Әсіресе ол күйеу жігітті күйдірді, ал ол болса жаңа жанұяда атасымен бірге бүкіл мекенге арнап, шайтанның суатын дайындайтын орын аспақшы болған еді. Оған өте ауыр соқты. Ол аурудан күнімен, түнімен айғаймен болды. Үйдегілер дәрігердің ұсынғаны мен әр түрлі кемпірлердің айтқандарының бәрін қолданып көрді, бірақ ештеңе көмек болмады.

Үшінші күні Мефодий өз қожасына келіп, Ондрачикке былай деді:

— Мені үш күнге босатыңыз. Мен Петрачтарда болдым, егер оған күтім жасамаса, ауру адам не өліп кетеді немесе аурудан ақылынан адасады. Мен оның жанында болғым келеді. — Құдай жар болсың! Бар. Сен, әрине, басқаларға қарағанда оны жақсы күтесің. Сен тек оларға көмектессең болды, мен сенің жұмысыңды бар ынтаммен орындаймын. Егер жас өмір сөнсе, аянышты болады ғой.

Мефодий кетіп қалды. Өзінің неге келгенін айтқанда Петрачтың үйінің бәрі өте қуанып қал-

ды. Бәрінен де дәрігер қуанды, ол оның қандай түсінікті, емші жігіт екенін бір көргеннен-ақ байқады. Ол дереу бәрін Мефодийге түсіндіріп, жаңа көмекшінің келісімінсіз ауруға ештеңе бермеуге әрі ештеңе жасамауға жарлық берді.

Осы сағаттан бастап, іс оңға басты. Ауру өзін басқа қолдың күтіп жатқанын сезініп, тыныштық тапты. Емді екі етпей сеніммен қабылдады.

Алайда үш күн аз болды, сондықтан Мефодийге Петрачтың үйінде тұтас бір апта болуына тура келді. Петрачтың әйелінің өзі Ондрачикке барып, одан қызметкерін тағы да бірнеше күнге өздерінде қалдыруды өтінді.

— Құдай үшін, қымбатты көршім. Құдайдың Өзі сенің қызметкерің арқылы бізге емдеуші періштені жіберді. Ал оның жалақысын біз саған бір аптаға төлейміз.

Ондрачик өз қызметкерін көршіде қалдыруға келісім берді, бірақ ақйдан бас тартты.

— Бұл бақытсыздық кезіндегі туысқандық көмек, сондықтан мұндай көмекке ақы алу күнә болады. Сондықтан сен де, көршім, зорлама. Мефодийдің үйіңіздегі ауру адамға күндіз-түні жасаған күтімі, ол жақын адамның ең бір шынайы сүйіспеншіліктен жасағаны. Осындай сүйіспеншілік үшін күндік ақша алуға болар ма екен?

Аптаның соңында ауру төсектен тұра алатын болды және өзін әлдеқайда жақсы сезінді. Ол тіпті аздап жұмыс істейтін болды.

— Осының бәрі үшін Мефодий саған қарыз-

дармын, — деді Петрачтың жас күйеу баласы көзінен жасы ағып. — Сен мені өрттен құтқарып қалдың, ауруымнан жазып жібердің. Ондрачиктің қызметкеріне жас келіншек те, Петрач қарттар да қалай алғыс айтарын білмеді.

— Маған емес, Құдайға алғыс айтыңыздар, — деп сендіре жауап берді Мефодий. — Біз оны мадақтайық. Канекей, бәріміз сиынайық. Иә, алдағы уақытта да сиынуды ұмытып кетпейік.

Сөйтіп, Петрачтың бүкіл жанұясы өмірлерінде алғаш рет сиынды. Шынайы, қызу, рухтана сиынды.

Самко қуанышқа кенелді.

«Сөйтіп, біздің қарлығаштар да Құдайға қарай ұшуға жиналды, — деп ойлады ол. — Сонымен, біздің жанұяны тек тамақ пен жұмыс бір бүтін болып емес, керісінше, Құдайға деген ұмтылыстың ортақ сезімі байланыстырды».

Иә, сөйтіп, «қарлығаштар табыны» сенімді жолға шықты, бірақ қандай құнмен?... қандай саймен батбақ арқылы шықты.

6 — ТАРАУ

Қыс өтіп, көктем де келді. Ұшып қонып сайрап, жүректі қуантып, кенет көзді ашып-жұмғанша ұшып кететін ғажайып құс құсап, тағы да зыр етіп, көктем де өтіп кетті.

Мефодий Рузанский бұдан екі жыл бұрын, алғашқы рет Ондрачиктің үйіне келгенде қалай болса, кәзір де — шақырайған күн сәулесі астында астық пісіп келеді.

Ондрачиктің күйеу баласы баяғыда-ақ сауығып кетті, түскі астан кейін өз үй алдында тұрып, әйелімен бірге Америкаға кетерде сиықсыз төмпешік тұрған жерге қарап тұрды. Төмпешік қазір жоқ, ал оның орынындағы тегіс жерде тамаша жас бақтың арасында онша үлкен болмаса да, бірақ әдемі, үлкен терезелері бар, мықты қоршаумен қоршалған үй тұр. Мұндай басқа үй бүкіл ауылда да жоқ.

— Кім ойлаған! — деп таңқалды Ондрачиктің күйеу баласы. — Біз өзіміздің мұрнымыздың астындағы осы бір жексұрын сүйелге жай ғана қарап, оған тимей келдік. Ал Мефодий осының бәрін сондай жеңілдікпен әдемі үйге айналдырды. Егер мен есіме түсіруге шамам келсе, ол кімді есіме салар екен? Жүзімен де, сыртқы түрімен де емес, тек өз дауысымен. Сөзсіз мен бұл адамды бір жерде көрдім!

Ондрачиктің күйеу баласы Мефодийдің үйіне таңқалды, ашығын айтқанда жалғыз ол ғана емес, бүкіл ауыл таңқалды. Көктем басталысымен құрылыс та басталды. Мефодий тас қалаушыларды шақырды, ал өзі тәжірибелі сәулетші сияқты оларға басшылық жасады. Ол төбені биікке көтерді, сөйтіп, жоғарыда тамаша тұрғын бөлме пайда болды. Үйдің астынан да тұрғын бөлме

жасалды. Сондықтан халық күн сайын кереметті тамашалауға келді.

— Шындығын айту керек, мен де мұндай үй соғудан бас тартпас едім. Үй емес, ойыншық. Көзің тоймайды! Ал қандай жарық, ыңғайлы және іші қандай жайлы!

Мефодий Ондрачиктің үйінде тұра берді, бірақ енді қызметкер ретінде емес. Ол өзінің тұрғынына ақша төлейтін болды. Тас қалаушылар мен жұмысшылар Подгайскийдің әйелінің жасаған тамағын ішетін. Мефодий Ондрачиктің әйеліне артық жүк түсіргісі келмеді: оның онсыз да үлкен шаруашылығы бар еді.

Мефодий ғана емес, Петрачтар да құрылыс салып жатты. Петрач шарапхананы ашқан жоқ және ашуды енді ойлаған да жоқ. Ақшасы жетпегендіктен ол дүкен туралы да ойламады. Өйткені қысқы шығыны аз болған жоқ: біріншіден, сұмдық той қымбатқа түсті; екіншіден, күйеу баланы ұзақ уақыт емдеуге көп қаржы жұмсалды; үшіншіден, бәрін жөндеу керек болды. Құдайға шүкір, сауда ісіне арналған бөлме, енді тұрғын бөлме ретінде жарамды болды, өйткені той болған бөлменің төбесін де, терезесі мен есігін де қайтадан жасау керек еді.

Көршілер Петрачтың Мефодиймен келісім жасағанын білді: келісім бойынша жігіт өз үйінен өзіне ғана емес, сондай-ақ Самко мен оның сауда ісіне арналған бөлме салуға тиісті болды.

Енді Дәуіт қартты тану да қиын. Ол жасарып,

барлық жерде іске кеңес беріп жүрді. Ол басқа біреумен ауыстырылғандай, — деп адамдар таңқалатын. Бұрын одан «иә» немесе «жоқ» деген қысқаша сәлемдесуден басқа сөз есіту қиын еді. Енді ол жұрттың бәрімен әңгімелескіш, әрі жайдары сөйлесіп жүрді. Оның бүкіл денесі кәрі болғанымен, оның беті жас жігіттің жүзіндей жасарып кетті.

— Бұл неткен өзгеріс! — дейтін өсекші әйелдер. — Бұрын киімі жыртық-жыртық, лас болып жүретін, ал қазір үнемі жейдесі таза, жақсы киім киіп алған.

Мұның бәрі Подгайскийдің әйелінің ісі болатын, әйел еврейдің киімдерін жамап-жасқап, жуып беруге жиіркенбеді. Ол үйшіктің ішіндегінің бәріне де қарап жүрді: қабырғаларды ақтап, төсек орынды қағып-сілкіп, бәрін тәртіпке келтірді. Әйелдерді Мефодийдің өзімен енді не болатыны одан әрі қызықтырды. «Әзірге ол Ондрачиктің үйінде жұмыскер болып жүргенде жұрттың бәрімен бірдей болды. Ол енді өзінің жаңа үйіне орналасқанда не болатынын көрерміз. Ол Ондрачиктің қызына үйленбес пе екен? Ондрачик сөзсіз бұған қуанар еді», — десті.

Көрші әйелдер осылай мылжындасатын және белгілі дәрежеде олар дұрыс та айтатын. Ондрачик өзінің бұрынғы қызметкеріне қарсы болмас еді. Иә, Петрач та оған өзінің екінші қызын қуана берер еді. Бірақ Мефодийдің өзі бұл жөнінде ойлаған жоқ. Ондрачиктің күйеуге шыққан қызы,

Мефодийдің Самко үшін Доркаға құда түскенін айтты.

— Самконың денесі мүлде мығым болмаса да, — деді ол бұрынғы қожасына өз досы туралы, — бірақ егер, Құдайдың рақымы бойынша сауда жасай бастаса, оның өз әйелі мен жанұясын асырау қолынан келеді. Самко да, Дорка да — екеуі де Құдайды сүйеді және екеуі де тату-тәтті жұп болып, Құдай ұясына баратын жолмен жүреді.

Әкесі мен шешесі келісімін берді, ал Дорка баяғыдан-ақ Самкомен келісіп қойған еді. Оған тек бір нәрсе ғана таңқаларлық болып көрінді: ол төмпешікті тегістеуге қатысқан еді, ал енді өзі сол жердегі үйде тұратын болды.

— Дүниедегінің бәрі осындай таңқаларлықпен өтуде, — дейтін көрші әйелдер. Иә, олар дұрыс айтатын.

7 – ТАРАУ

Жер бетіне тағы да ғажайып жазғы кеш келді. Ай жарығы нәзік, күміс жіптермен ағаштарға, бақтарға, егістік жерлер мен орманға түсіп тұрды. Дәуіт қарттың лашығы мен өзі отыратын жаздық ағашының астындағы отырғыш та айдың болмашы күміс нұрына бөленген.

Қарт мерекедегіше киінген, оның жүзінен қуаныштың нұрлы күлкісі білінеді. Бүгін неге қуа-

нышты екенін анық өзі де білмейді. Оның қуанатын себебі мынау: ақыр аяғында Самко бүгін сауда ісін ашты және ол — қарт еврей, оған көп жағынан көмектесті. Дәуіт өз-өзін түсіне алар емес. Өзіндегі адамдарға деген неткен сүйіспеншілік? Осыған дейін ол өзге адамдарға мүлде немқұрайлы қарайтын: олардың қайғысы оны тебіртпейтін, қуаныштары көңілдендірмейтін. Кенет бұл, бәріне жат қарт қуаныштан дерлік жылады, мұның себебі, Дорка сонда, дүкенде мұның қасына келіп:

— Иса Мәсіх Тәңірім Самкоға жасаған барлық қайырымдылығыңыз үшін, сізге лайықты есесін берер, — деді.

Сөйтіп, қартты Самко мен Дорка сияқты жастардың бір-бірін сондай сүйетіні, олардың сондай ізгі екендігі, олардың бақытты болатындығы және бұл істе өзінің оларға көмектескендігі шын жүректен қуантты.

Самко мен Мефодий де Дәуітке алғысын айтты, бұл қартты одан әрі қуантып жіберді. Ол отырғышта отырып, былайша пайымдады:

— Жалғыз өзім тұрдым, барлық қам-қаракетті өз мойныма алғанда бақытсыз болдым. Кенеттен бұрылысқа тап болдым: адамдарға жақындап, оларға бірдеңе істеп едім, сол кезде маған бақыт та жақын келіп, күлім қақты. Құдайдың бізге өзіңді сүйгендей, жақындарыңды да сүй деп бұйырғанын енді мен түсінемін. Олардың бақыты — біздің бақытымыз ғой.

«Өйткені Адам Ұлы Өзіне қызмет еттіруге келмеді, керісінше, Өзі қызмет етуге және көптеген адамдарды шайтанның тұтқынынан құтқарып, бостандық төлемін төлеу үшін, Өз жанын беруге келді» (Мат. 20:28), — деген ғой менің Құтқарушым, — деп еріксіз сыбырлады Дәуіт қарт. Сөйтіп тік тұрып, өз назарын бұлтсыз, жұлдызды аспанға аударды да:

— О Адонай Тәңірім! Егер мен Иса Мәсіх жөнінде — менің Құтқарушым, — деп айтсам, мені тастап, лайықсыз жаннан бұрылып кетпе. Мен дәрменсіз әрі әлсіз адаммын: Құдыс жоқ, ғибадатхана қираған, құрбандық ұмытылған, сондықтан менің арсыздығым үшін сенің қасиетті шындығыңды жұмсартатын ештеңе жоқ. Маған құрбандық жасау керек. Сондықтан мен Иса Мәсіх, жердегі күнәлар үшін көкке лайықты құрбандық екенін білемін. Егер менің бұл сенімім жаңсақ әрі күнә болса, онда Сен, Жақып пен менің ата-бабаларымның Құдайы мені қазір, осы жерде жайратып таста. Мейлі, айдың суық және күңгірт сәулесінің бірімен көктен Сенің өлім періштең түсіп, мені құртып жіберсін. Бірақ менің дінім ақиқат болса, Онда Мәсіхтің, Сенің Ұлыңның шындығы мен азап шегуі арқылы маған жаңа жүрек пен жаңа өмір бер. Ол, менің Мессиям, менің Құтқарушым келгеніне сенемін, ол адамдарды тозақтан құтқарудағы Өз ісін туғызуда. Оның мені жаңартқанын, Оның маған еніп, менімен бірге тұратынын сезінудемін.

Дәуіт қарт екі қолын жүрегіне басты, оның жүзі ішкі сәуледен нұрланып кеткені сондай, ол Құдай тағын қоршаған қарттардың бірі сияқты көрінді.

Қарт енді өз-өзімен пікірлеспестен, Құдайдың Өзіне жүгінді:

— Мен, Дәуіт сияқты әрқашан да: «Менің жанарымды аш, сөйтіп, Сенің заңыңның ғажайыбын көрейін» (Жырл. 118:18). Менің ата-бабаларым — Ыбрайымның, Ысқақтың және Жақыптың Құдайы, — Сен менің жалбарынышымды естіп, маған Құдай Сөзін ашып бердің. Мен қасарыстым: мен Сенің Ұлыңды білмедім және білгім де келмеді. Енді басқаша болды: Савл сияқты болғым келмейді. Енді мен Назареттен шыққан Исаның Мәсіх, Мессия, Сенің Ұлың екенін және Сенің Оны жердегі біздерге жібергеніңді білдім.

Қарт үнсіз қалды. Тек оның еріндері жыбырлап тұрды. Олардың не жөнінде жыбырлап жатқаны — бұл қарт еврей мен мәңгілік Құдайдың арасындағы құпия болып қалды. Көкке қадалған көздерінен жас ақты. Бұл ерте шақтан, бастан кешкен қайғы мен айырылысудан болған күйініш жасы еді, қарт аспандағы Әкесін іздеп, мұны Әкесі ақыр аяғында Өзінің сүйетін жүрегіне қосты.

Сөйтіп, қарт еврей сиынумен және таза мойынсұнған жүреппен, сенімді жолмен «Құдайға ұшу» үшін қарлығаштардың соңынан көтерілген болды. Кейінірек, он екі сағаттың соңына қарай, оның

жабырқанқы және жападан жалғыз өміріндегі, жаны ұйқысынан оянды, сөйтіп, мәңгілік өмірдің сөнбес нұры мұның жүрегіне айқын жарығын түсірді.

Өзінің терең ойына берілген қарт осылай ұзақ отырды. Ол жақындап қалған қадамды естіген де жоқ, ол таяу жерде тоқтап қалған жігітті де көрген жоқ, бұл жігітті ол сондай құштарлықпен көргісі келіп, ол жөнінде қазір ғана өз жүрегімен қызу сиынған болатын.

Кенет ауылда айқай-ұйқай шықты. Қандай бір маскүнемге көше тар болып көрініп, сөйтіп, ол өзіне жолды кеңейтіп, үйлерді жылжытуды талап етті. Қарт есін жинап, басын көтергенде өзінің жалғыз емес екенін көрді. Қонаққа қуанып, оны қатарына отырғышқа отырғызды да, Мефодийге, бір кезде Рут Ноеминиге айтқандай:

— Сенің Құдайың — Менің Құдайым! Сондықтан сенің Құтқарушың — менің Құтқарушым, — деді.

— Құдайдың даңқы арта берсін! — деп салтанатты түрде үн қатты Мефодий, — қарт еврей оған өзінің рухани жаңаруы туралы түп-түгел айтып бергеннен кейін. — Құдайдың даңқы арта берсін! Оны арман ету — мәңгілік ақиқат, сондықтан кімде-кім оған сенсе, ол ұялмайтын болады. Мен, міне, Құдайға сиынып, маған сізді нұсқауын сұрадым.

— Мені ме? — деп таңқалды қарт.

— Иә, сізді. Бүгін сіз Иса Мәсіхтің игілігіне

айналған кезде, қымбатты әке, ақыр аяғында, мен сізге айтуым керек, егер сіз осында тұрмасаңыз, мен бұл ауылға ешқашан да келмес едім. Таңданбаңыз, маған аң-таң болып қарамаңыз. Сіз өз сиынуыңызда жаңа ғана, Филипп Нафанаилды шақырғандай мен сізді Мәсікке шақырғанымды ескерттіңіз. Бұл дұрыс, Филипп шақыру үшін Нафанаилды іздеді. Мен де сізді іздедім.

— Іздедің бе?... Сен бе?... Мені ме?... Шынымен, сен мені бұрын білетін бе едің? Түсінбеймін... Мен саған не үшін керек болдым?

— Мен қазір түсіндірейін. Менің бір танысым болды. Сіз оның өмір сүретіні туралы да білмесеңіз, ол сізді өз өмірінің соңғы сағатына дейін сүйген еді. Осы жерде туған бір еврейдің мені ақиқатты тануға жеткізгенін мен бірде сізге айтқан едім. Мен батамды беруден ешқашан да жалықпайтын жарылқағыштың есімі — Руфим Соколов болатын. Ол бай орыс еврейінің ұлы болды, ал оның анасы сіз осы кезге дейін тынбай жоқтап келе жатқан сол бір ғажайып нәресте — сіздің қызыңыз Эсфирь еді.

— Мефодий! — деп қарт айқайлап жіберді де, аласұра бастады. — Мефодий, сен менің қызымды, менің қымбатты нәрестемді білетін бе едің? Сен оны көрдің бе? Онымен таныс па едің? Ол қандай еді?...

— Иә, мен оны білетін едім, бірақ ешқашан көрген емеспін. Мен оның суретін ғана көрдім, суретте ол әлі қалыңдық болатын. Оның өзі, мен

Рувим Соколовпен танысардың алдында ғана қайтыс болған екен.

— Қайтыс болды ма? Демек, мен оны көре алмаймын?

— Құдайда, жаңа өміріңізде көресіз. Ал бұл өмірде қызыңыз сіз туралы сиынып, сіздің есіміңізді аузынан тастамай өлді.

— Сөйтіп, ол мен жөнінде бірдеңе білген бе?

— Бәрін білді. Анасы, сіздің әйеліңіз қызына бәрін айтып берді және сізді сүйеге үйретті.

— Менің әйелім бе?

— Иә, сіздің әйеліңіз. Әйеліңіз байғұс өзінің кінәсіне орай көрешегін көрді. Ол көп кешікпей өз күнәсін сезіп, қайтып келгісі келген екен, бірақ оны жібермеді. Сізден ажырасу туралы қағаз келгенде оған, — сіз өте қатты ашулы, — деп хабар берді, содан ол бұған сеніп, өзін алып кеткен адамға күйеуге шықты. Бірақ әйеліңіз онымен бақытты болмады және өз қызының үйлену тойының алдында ғана қайтыс болды, ал қызыңыз одан соң күйеуімен бірге Канадаға кетті.

Сол жерде Тәңірім Мәсіхтің шындығын әуелі сіздің қызыңыздың күйеуіне, ал одан соң қызыңыздың өзіне танытты, сөйтіп, олар өздерінің ұлын — Рувимді де шоқындырды. Олар өз нәрестесін тәрбиелеу үшін көп қиындықтар мен құрбандықтарға барды. Олардың бар арманы баласы өзінің еврей халқының арасында Інжіл уағыздаушысы болса екен. Олардың тілегі орындалды. Онша ұзақ болмағанымен, әкесіне де ұлының

уағызын тыңдаудың сәті түсті. Сөйтіп, оның ұлы мені — атым мен туылуым бойынша ғана Мәсіх жолындағыны, енді жаны жағынан да нағыз Мәсіх жолын қуушылар қатарына жеткізгенде, оның әкесі көп кешікпей қайтыс болды да, мен ата-анасынан айырылған өз досыммен бірге қалдым. Мен оны сондай жақсы көрдім! Бірақ ол мені бұдан да жақсы көретін. Ол менің Венгриядан шыққан словак екенімді білді де, маған Венгрияда атасы бар екенін және марқұм анасының ұлынан сол атасын іздеп табуға уәде алғанын айтты. Сондықтан бірге сиынған әр сәтте ол ең алдымен атасының аман-сау болуына және атасын табу мүмкіндігінің сәті түсуіне сиынатын.

Бірде ол мені Пенсильванияға жіберді, сол жерде ол Венгриядан келген көптеген словактар бар екенін естіген екен. Біз солар арқылы, мүмкін, Дәуіт қарт туралы бірдеңе білудің сәті түсер ме екен? — деп үміттендік. Сонымен, мұның өзі Құдайдың нұсқауы еді, ақыр аяғында, ұзақ және зая кеткен ізденістерден кейін мен Ондрачиктің жас күйеу баласын кездестірдім, ол қазір аурулығына байланысты осында, отанына қайтып келді ғой. Бұл, ол Америкаға келген соң көп кешікпей болған еді. Мен одан әйелі кетіп қалған Дәуіт қарт туралы сұрастырып білдім. Сөйтіп біз Градоваға хатпен сұрау салып, бәрін де анықтадық. Дәуіт қарт, біз іздеп жүрген Дәуіт атай осында екен. Рувимнің қуанышында шек болған жоқ, сөйтіп, ол атасын табуға және Мәсіх ілімімен нұр-

ландыруға Тәңірдің мүмкіндік бергені үшін Құдайға қалай алғыс айтарын білмеді. Рувим осында келуді ұйғарды. Бірақ Тәңірім, өмір мен өлім Қожасы басқаша шешті. Рувимнің Құдай ісінен босамағаны сондай, бірден жинала алмады. Мыңдаған адамдар Рувимге өздерінің бүкіл үміттерін артатын, сондықтан ол оларды өзінің кенеттен тастап кетуін — дұрыс емес, — деп санады. Ал содан соң қайғыға ұшырадық, оған қатты салқын тиіп қалды, сөйтіп, қымбатты көршім, сіздің немереңіз қайтыс болды. Оның таза жаны, өзінің бүкіл жер бетіндегі өмірімен, өзі ұмтылған көкке самғап кетті.

Оның Інжіл нұрын өз атасына жеткізе алмағаны ол үшін қандай қайғы болатынын мен білетін едім. Бірақ егер оған мұның сәті түспесе, оның орнына мұны орындауға маған қандай кедіргі бар? Сөйтіп, оның соңғы, өлім алдындағы сәтінде мен Құдай алдында оған, егер оның атасы жер бетінде өз қызы мен немересін көрмеген болса, олармен мәңгілікте кездесіп бірге болуларына бар күшімді салып, қартты Мәсікке әкелуге уәде бердім. Рувим Мәсіхтің есімін тынбастан аузына алып кетті. Біз оны жерлеп, жоқтадық, содан соң оның тапсырмасымен мен, оның ісінің мұрагері ретінде Градовоға аттандым. Өмірден осыншама жәбір мен қайғы көрген Дәуіт қартты тез арада ала алмайтынымды және оған келіп, оның немересінің өсиеті туралы айтсам, оның не сенбейтінін немесе тіпті, мені тыңдағысы да келмейтінін мен білген едім:

өйткені Дәуіт еврей ғой, ал оның немересі Мәсіх жолын қуушы дінінде қайтыс болды. Содан іс ұзаққа созылатындай көрінді.

Қартқа барынша жақындау үшін мен Ондрачикке қызметкерлікке жалданып, қарт еврейдің жүрегін Мәсіхке жүгіндіру үшін, Құдайдан Оның маған күш беруіне сиындым. Істің өте сәті түсті. Қарапайым қызметкер еврейдің күдігін туғызған жоқ. Тек адамның құрметі мен сенімін бірден жаулап алуға болмайды ғой, бұл үшін уақыт керек еді, ал мен Пенсильваниядан келген Ондрачиктің күйеуі мені танып қалар деп қорықтым. Бақытыма орай, ол мені таныған жоқ. Біз алғашқы кездескен кезде менің сақалым бар еді, киімім де басқаша, мен қызметкерге ұқсап киінген жоқ едім.

Петрачтарда той болатын күні, кешкі уақытта мен саған бәрін айтып бергім келді, бірақ мұның сәті түскен жоқ. Сол кезде мен Градовода менің Рувим досының атасының аузынан оның Мессия Мәсіхті тауып, оны өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдағанын естігенше қала тұруға ұйғардым. Мен енді бәрін айтып бердім және мен Тәңіріме Оның өз уәдемді орындауға күш бергені үшін, сондай-ақ бұл жерде екі жылды бекерге өткізбегенім үшін алғыс айтамын. Енді мен бұл жерден жайбарақат кете аламын: өйткені сіздің немере-ңыздің тапсырмасы орындалды.

Мефодий орнынан тұрды. Естіген әңгімесінен аң-таң болған Дәуіт қарт та тұрды. Ол, түсіндегідей, жас досының артынан үйге кірді. Үйге кірген

соң Мефодий есікті жауып, шырақты жақты да, кеудесіндегі жанқалтасынан қартқа сондай қымбатты суреттерді алды. Бұл ол қатты жоқтап жүрген өзінің қызы мен оның күйеуі Соколовтың суреті және жүзінің өзі, нұрлы жаны туралы айтып тұрған немересінің суреттері еді.

— Міне, қымбатты көршім, сіздің қазынаңыз, ал мынау тағы да, ең қымбаттысы онымен Рувим Мәсіхті уағыздап жүрген кітап, Жаңа Өсиет. Оны оқыңыз. Ақыр соңына дейін оқып шығыңыз, сөйтіп, егер Құдайға лайықты болсақ және егер біз тірі болсақ мен сізге тағы да келіп, сіз түнде кітапты оқығанда туған сұрақтарды шешуге көмектесемін.

Мефодий үйіне кетті, ал қарт болса, өз қазынасымен және өз Құдайымен оңаша қалды, Оның өлшеусіз сүйіспеншілігін шал тек бүгін ғана алғашқы рет толық түсінген еді.

Келесі күні, таңертеңгілікте Мефодий Андреймен бірге орманға отын әкелуге кетті. Олар алып еменді құлатып, үйге кешке қарай әкелді. Екеуі де шаршаған, әрі аш, тамақтарын ішті де, ұйықтауға жатып қалды. Таңертең, тамақ ішуге жиналып жатқанда Ондрачик қызметкерді бақта кездестірді де, оған:

— Тыңда, кеше осында Дәуіт қарт болып, сондай таңқаларлық нәрселер туралы әңгімелеп берді, ал мен оған сенер-сенбесімді білмедім.

— Неліктен сенбейсіз? — деп көңілдене жымыды Мефодий.

Иә, бұл шын ба, сен тек қарт еврей үшін осында, Градовоға келген екенсің ғой?

— Иә, сол үшін.

— Мүмкін емес! — деп таңқалды қастарына жақындап келген Ондрачиктің күйеу баласы.

— Ал сен шынымен-ақ қазір де мені танымайсың ба? — деп тағы да көңілдене жымысып сұрады Мефодий.

— Тану ма?... Сені ме?...

— Иә мені. Америкадағы Пенсильванияда, сенде болған және ауылың мен Дәуіт қарт туралы сеннен сұраған жас жігіт есінде ме?

— Иә, сен екенсің ғой, Құдайым-ау! — деп қолын соқты жас шаруа. — Енді мен бәрін түсінемін: сен бекерден-бекер үнемі біреуді сұраған жоқсың. Бірақ сенің сол кезде сақалың бар еді ғой, иә, киімің де сәнді болатын, ал қазір?...

— Сонымен, мен қазір саған ұнамаймын ба? — деп күлді Мефодий.

— Тоқта! — деп сөзді бөлді Ондрачик. — Олай болса, егер Дәуіт қарттың айтқаны рас болса, сен бұрын ешқашан қызметкер болмадың және сенің шаруа жұмысына да мұқтаждығың болмаған көрінеді?

— Бұл рас. Маған ата-анамнан үлкен мұра қалған, сондықтан мен толық қамтамасыз етілген жанмын.

— Онда сен қалай біздің арамызда өмір сүріп, өзіңді еврей үшін соншалық төмендеттің?

— Мұнда таңқаларлық ештеңе жоқ!... Мен пат-

шалардың Патшасының бір Ұлы туралы білемін, Оны сіз де білесіз, Ол тағы мен тажын екі жылға емес, тұтас 33 жылға қалдырып, бізге деген сүйіспеншілігі үшін қорлықпен қызмет етті. Сонда шынымен-ақ, менің бір адамға екі жыл қызмет етуім туралы сөз болуы мүмкін бе? Сонымен бірге, мен сізде жақсы тұрдым, сіздердің бәріңіз мені жақсы көрдіңіздер, сондықтан мен де сіздерге пайдасыз болған жоқпын, — деп ойлаймын. Өмірде мені тағы не күтіп тұрғанын кім біледі? Мүмкін, шынымен енді қызметкер болмаспын, бірақ бір нәрсені білемін, мен сіздерде қызметкер болған екі жыл әрқашан да менің өмірімнің ең бір бақытты шағы болып қалады.

Қызметкердің жайдары және күлімсіреген жүзі байсалды пішінге көшті, сөйтіп, олар бұл жөнінде бұдан әрі сөйлескен жоқ: оларды ертеңгі асқа шақырды. Ас үстінде әңгіме Дорка мен Самко жайында, олардың жаңа үйде қалай тұратындығы туралы болды.

8 — ТАРАУ

Тағы да жексенбінің түскі кезі еді. Күзгі тұман тау мен аңғарға шөгіп, жапырақтар түсе бастады. Қайыңды орманда Мефодий қарлығаштардың қалай үйге ұшуға жиналатынын айтып, балалар өз «ағайын» тығыз топ болып қоршайтын жерде

Самко отырды, бірақ бұл жолы жалғыз болды. Мефодий Градовода енді жоқ болды, сондықтан да балалар да: «Мефодий ағай, Мефодий ағай!» — деп айқайламады. Мефодий кетіп қалды. Ондрачиктегі өз қызметін аяқтап, үй салып берді, қазір оның бұл үйді неге салғаны белгілі болды, ол үйді мүлде өзіне емес, тек градоволықтарға жайлы үйді қалай салуға болатынын көрсету үшін ғана салды, содан соң кетіп қалды. Мұнда ол аяқ астынан қалай келсе, солай, күтпеген жерден кетіп қалды. Оны ешкім де ұстап тұра алмады, ол бұл жердікі емес еді.

Самко екі қолын басына таяп, өз досын жоқтап, қатты жылағанын (ол талай жылады) ешкімнің көрмегені жақсы болды. Ол мұндай басқа досты енді таба алмайтынын білетін. Осы бір екі жылдың ішінде бәрі осылай өзгеріп кетеді деп кім ойлаған?! Петрачтардың бәрі қарттар да, қарындастар да, күйеу де, анау Самко да, Мефодийдің тамаша үйінде — бәрі қандай бақытты болды. Ал бұрынғы түзелмес маскүнем Подгайскийдің үйінің қайта түлеуі ше! Ал Ондрачиктің үйін айтсаңшы, онда тұрғанның бәрі Құдайды әр сөзімен, әр ісімен, өздерінің бүкіл өмірлерімен ардақтады! Осыны кім істеді? Әрине, Ондрачиктің қызметкері.

«Иә, ол шын мәнінде қызметкер еді, — деп ойлады Самко, — тек жай Ондрачиктің емес, керісінше, Құдайдың қызметкері болды. Құдайдың қаншама жұмыстары тағы да осындай өз қызметкерлерін күтуде!»

Самко жан-жағына қарады да, есіне түсірді: міне, олар осы жерде Мефодиймен бірге отырды, міне, осы жерде ол қарлығаштар туралы әңгіме айтты. Мефодийдің өзі неғұрлым жылы елге ұшып кетті. Тек енді ол өзі соққан ұяға қайтып оралмайды. Көршілер енді «батбақтағы» — өздері солай атайтын үй, — немересі қалдырған ақшаға, Дәуіт қартқа салынғанын білетін. Дәуіт сол үйде өз өмірін тыныштықпен өткізеді: немересі оған жеткілікті қаржы қалдырды.

Самко мен Дорканың Дәуіттің үйінде тұру керек екендігін Мефодий жақсы ойластырды: онда ол жалғыз болмайды және Самко мен Дорка оны күте алады. Бірақ Дәуіт қарт мұны қаламады. Оны қызының, күйеу баласы мен немересінің бейіттерін көріп, егер өмірде болмаса, өлгеннен кейін солардың қатарында жататындай, олардың жанында жерлену тілегі биледі.

Ауылда осылайша әңгімеледі. Бірақ Самко басқаша жорамалдады. Егер Мефодийден ажырасса, қарттың өліп қалатынын ол білетін. Самко бұған таңданған жоқ, ол мұны түсінді. Оның өзі де жиі ойланатын: егер мұның ата-анасы мен сүйікті әйелі болмаса, ол да өз досының соңынан кеткен болар еді.

Енді Петрачтар Ондрачикпен бірге Дәуіттің үйін балаларына арнап сатып алды. Қарт үйдің бәрін жарты бағаға дерлік сатты, ал ескі лашығын кемпірге, Мартынның анасына сыйлады, өйткені ол Подгайскийлерге орын босатуға тиісті болды,

ал онда көп жиналып қалған балаларға өте тығыз еді.

Дәуіт қарт жолға жиналды. Оны бүкіл ауыл шығарып салып, бата берді.

— Егер Мефодийді көрсең, оған тәжім ет, — деді градовольқтар. — Біздің оны ұмытпай жүргенімізді айт.

«Ұмытпаймыз». Бірақ көп уақытқа ма? Градовольқтар алдағы уақытта да Ондрачиктің қызметкерін ұмытпай ма? Кім білсін?

Мүмкін, есімі ұмытылып та қалар. Бірақ бір кезде, бір қызметкер келіп, олардың бүкіл өмірін өзгерткенін ұмытпас, оны олар бірінен соң біріне айтып отыратын болар. Оның өзі естен шығып кетер, бірақ ол мұнда ұрығын еккен шындық нұры мен сүйіспеншілік жылуы олардың өмірінен жойылып кетпейді.

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114 Алматы — 114,
а/я 68
«Шығыс Сәулесі» баспасы.

КРИСТИНА РОЙ

ҚЫЗМЕТКЕР